Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАДІРЛІ ОТАНДАСТАР!

Баршаңызды Ораза айт мейрамымен құттықтаймын!
Бұл – мұсылман қауымының ерекше ықыласпен қарсы алатын ұлық мерекесі. Қасиетті Рамазан айында жұрт адамгершілік құндылықтарға баса мән береді, рухани тазаруға ұмтылады. Мұқтаж жандарға қол ұшын созып, айналасына қайырымдылық көрсетеді. Отыз күн оразадағы сабыр мен қанағатқа негізделген игі амалдың бәрі Айт мерекесінің шынайы болмысын айшықтай түседі. Ата дініміз адамзатты татулық пен тыныштыққа, қамқорлық пен мейірімділікке, жанашырлық пен жасампаздыққа үндейді. Адал еңбек етіп, адал табыс табуға шақырады. Мұның барлығы, түптеп келгенде, бүкіл еліміздің ырысты ынтымағын арттыруға ықпал етеді. Халқымыздың салт-дәстүрі Ислам дінінің, Рамазан айының және Айт мейрамының ұлағатымен ұштасып жатыр. Бұл сабақтастық берекелі бірлігімізді нығайтып, әділетті қоғам құру жолында маңызды рөл атқарады.
Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке және толағай табыс тілеймін!
Айт қабыл болсын, ағайын!

№43
(4631)
Бейсенбі
11 сәуір
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

АСТАНА – ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП ҮЛГІСІ

13 сәуір мен 11 мамыр аралығында елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» көктемгі экологиялық айлық өтеді. Тазалық акциясы бес аптаға созылады, әр апта белгілі бір тақырыпқа арналады. Бірінші апта «Таза өлке» деген атаумен өтеді. Ауқымды іс-шара «Тазару» жалпыұлттық экологиялық шарасы аясында ұйымдастырылады. Экологиялық айлық барысында 270 мыңнан астам жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр.

ЕСКІ ҮЙДІҢ ОРНЫНА – ЖАҢА НЫСАН

Астанада реновация бағдарламасы аясында тозығы жеткен ескі және апатты үйлер сүріліп, олардың орнына әлеуметтік тұрғын үйлер мен қоғамдық кеңістіктер салынып жатыр.



Бүгінгі таңда Астанада тозығы жеткен 33 үй бар. Олардың ең соңғысы 1948 жылы салынған, яғни тұрғызылғанына сексен жылға жуықтаған. Бұл үйлердің тозу дәрежесі 65 пайыздан басталады. Реновация бағдарламасы аясында бұл үйлер жыл сайын біртіндеп жаңғыртыла береді.

5

СУДЫҢ ҚАДІРІ МЕН ҚАУПІ

7-БЕТ | САРАПТАМА

ҚАНЫШТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

8-БЕТ | ТҰЛҒА

ДӘРІГЕРІ КӨП ПОЙЫЗ

«Жәрдем» мамандандырылған медициналық пойызы тұрғындарды білікті тегін медициналық көмекпен қамтамасыз ету мақсатында 20 сәуірден бастап шалғайдағы ауылдар мен станцияларға жүре бастайды.

Медициналық пойыз 140 станцияға барады, онда 92 мыңнан астам адам қаралып, емделетін болады. Дәрігерлер 100 мыңнан астам қабылдау өткізеді.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше медициналық пойыз арқылы профилактикалық қарап-тексерулерді, скринингтік зерттеулерді, дәрілік заттармен қамтамасыз етуді, бейінді мамандардың консультацияларын, зертханалық-диагностикалық қызметтерді, ЭКГ, УДЗ, флюорографияны қоса алғанда, 1 млн медициналық қызмет көрсету жоспарлануда.

Су тасқыны жағдайын ескере отырып, зардап шеккен ауылдық елді мекендердің тұрғындары медициналық пойыз қызметтерімен қамтылатын болады.

№43 (4631) 11/04/2024 Бейсенбі

172 МЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевты қабылдады. Президентке өнеркәсіптік даму, геология, жер қойнауын пайдалану және құрылыс салаларындағы жұмыстың нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндалды.

Министр биылғы қаңтар-ақпан айларында Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 7,4 пайызды құрағанын жеткізді. Өндіріс көлемін ұлғайтуда машина жасау, металлургия, химия және жеңіл өнеркәсіп сияқты салалардың үлесі зор. Жалпы құны 1,5 триллион теңге болатын 180 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Соның арқасында 17,8 мың жұмыс орны ашылмақ.

Мемлекет басшысына құрылыс саласының жай-күйі туралы мәлімет берілді. Былтыр 157 мың тұрғын үй салынған. Биыл 172 мың тұрғын үй салу көзделіп отыр. Сондай-ақ жалға берілетін 22 мың тұрғын үйдің құрылысына мемлекеттен 300 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. «Отбасы банк» арқылы қаржыландыру көлемі 300 миллиард теңгені құрайтын бағдарлама іске қосылады. Бұл ел азаматтарына 12 мың ипотекалық займ беруге септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жер қойнауын пайдалану құқығын беруге қатысты аукциондарды электронды форматта өткізу үшін E-Qazyna.kz цифрлық платформасының іске қосылғаны жайында баяндалды. Бұл бастама процестің ашықтығы мен қолжетімділігін едәуір арттырды. Аукциондарға Rio Tinto және Fortescue сияқты әлемдік ірі компаниялардың қатысуы Қазақстанның ресурстарға бай кен орындарын зерттеуге мүмкіндік беретін бәсекенің арта түскенін көрсетеді.

Президентке министрліктің су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөніндегі негізгі жоспары таныстырылды. Қазіргі уақытта су басқан өңірлерде жаңа тұрғын үй салу үшін жобалық-сметалық құжаттаманың құнын бекіту жұмыстары аяқталып келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев апаттан қираған тұрғын үйлерді тез арада қалпына келтіруді тапсырды.

ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қазақстан Үкіметінің баспасөз қызметі табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (залалды) өтеу қағидаларын жариялады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1358 қаулысы:

Алгоритм

1. Материалдық залал келтірілген зардап шегушілер ТЖ туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жергілікті атқарушы органға (әкімдік) материалдық залалды өтеу туралы өтініш береді. Жәбірленушінің өзінің өтініш жазуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның туыстары немесе сенімхат негізінде өзге де адамдар, сондай-ақ егер жәбірленуші кәмелеттік жасқа толмаған болса, заңды өкілдері келтірілген зиянды (залалды) өтеу туралы өтінішпен жүгіне алады.

Келтірілген залалды өтеу туралы өтінішке:

1. Зардап шегуші адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; табиғи сипаттағы ТЖ туындаған сәттен бастап немесе ТЖ жою кезеңінде зардап шеккен адамның жоғалған және/немесе бүлінген мүлкінің тізбесі қоса беріледі.

2. Өтініштер мен құжаттарды тіркеуді әкімдік зардап шегушіге құжаттардың қабылданғанын растайтын қолхат бере отырып, материалдық залалды өтеу туралы өтініштерді тіркеу журналында жүргізеді.

3. Материалдық залалды өтеу туралы өтініш әкімдікке құжаттар келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралады.

4. Әкімдік өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде бағалаушыны тарта отырып, келтірілген залалдың мөлшерін бағалауды (өтініш берушінің мүлкіне қолжетімділік болуға тиіс) ұйымдастырады. Жәбірленуші бағалау жүргізілетін уақыт пен орынды анықтайды, кейін жәбірленуші бағалау туралы есеппен танысуға тиіс.

5. Әкімдік бағалаушы қорытынды шығарғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісілген қаражат бөлу туралы шешім қабылдайды.

6. Зардап шеккендерге төлем тиісті шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар ақпаратта, мүлікті толыққанды әрі сапалы бағалау үшін сарапшылардың жұмысы су тасқыны жағдайы тұрақталып, үйлер мен аула аумақтарынан су толығымен тартылғаннан кейін басталатыны айтылған. Қажет болған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар өтініштерді қабылдау мерзімін ұзартады.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты әрі көпжоспарлы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйін және даму перспективасын талқылады.

Президенттер шекара маңындағы өңірлерде орын алған су тасқыны жағдайын талқылап, екі ел үкіметтеріне табиғи апатқа қарсы күресте өзара ықпалдастықты нығайтуды тапсырды.

Тараптар екі елдің қарым-қатынастары дәстүрлі түрде әрі стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар мемлекеттер басшылары аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулердің кестесін қарастырды.

ПРЕЗИДЕНТ АЛҒЫС АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев су тасқынына қарсы күресте көрсеткен қолдауы мен көмегі үшін қазақстандықтарға және шет мемлекеттердің басшыларына ризашылығын білдірді.

«Еліміздің бірқатар өңірінде табиғи апат орын алған сәттен бері менің атыма достас мемлекеттердің басшыларынан жылы лебіздері мен көмек көрсету жөнінде ұсыныстары жазылған хаттар келіп түсіп жатыр. Қазақстан жойқын су тасқыны кезінде жәрдем беруге дайын екенін білдіргені үшін достас елдерге шын жүректен алғыс айтады. Менің тапсырмам бойынша Премьер-министр бастаған республикалық штаб төтенше жағдайдың салдарын барынша азайту үшін пәрменді шаралар қабылдап жатыр. Зардап шеккен барлық азаматқа қажетті көмек көрсетілуде. Олардың бүкіл шығындары өтеледі. Бірде-бір адам назардан тыс қалмайтынын жуырда отандастарыма арналған үндеуімде айттым. Апатқа қарсы күрес жалғасуда. Қиын-қыстау кезде халқымыз өзін тағы да ең жақсы қырынан танытып, бірлік пен төзімділіктің үлгісін көрсеткені қуантады. Қазақстан азаматтарына шын жүректен алғыс айтамын» деп жазылған Мемлекет басшысының Instagram парақшасында.

ОРАЗА АЙТПЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған телефон арқылы сөйлесті.

Екі ел басшылары бірін-бірі Ораза айт мерекесімен құттықтап, Қазақстан мен Түркия халықтарына бақ-береке тіледі. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бірқатар өңіріндегі су тасқыны салдарынан қалыптасқан күрделі ахуалға байланысты қолдау көрсеткені үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтты.

Қазақстан Президенті Түркия Республикасымен бауырластық қатынасты, сондай-ақ екі ел халықтары арасындағы тұрақты ынтымақтастық пен өзара тілеулестікті жоғары бағалайтынын мәлімдеді. Әңгімелесу барысында президенттер екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мәселесін талқылап, алдағы уақытқа жоспарланған кездесулер кестесін қарастырды.

ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ КӨМЕГІ АҚЖАЙЫҚҚА ЖЕТТІ

Бауырлас Қырғыз елінің гуманитарлық көмегі Ақжайық өңіріне жетті. Даламызды су басып, төтенше жағдай туындаған шақта алғашқы болып көмек қолын қырғыз бауырлар созды. Сәуірдің 6-ы күні Қырғызстаннан шыққан 15 көлік Атырау, Ақтөбе, Қостанай және Батыс Қазақстанға бөлінді. Сәуірдің 9-ы күні гуманитарлық көмек тиелген 4 жүк көлігі Орал қаласына келіп тоқтады.

Туыс ел басына күн туғанда жайбарақат жата алмаған айыр қалпақты ағайынды көппен бірге қарсы алған облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов 3000 шақырымнан астам жолды артқа тастап, қырғыз елінің аманатын жеткізген ағайынға алғысын білдірді. «Алғашқы болып көмек қолын созған көршілес Қырғыз елінен халықаралық гуманитарлық көмек Ақжайық өңіріне жетті. Қиын кезде қол ұшын созған ағайынның бұл жақсылығын қазақ елі еш уақытта ұмытпайды. Ғасырлар бойғы екі ел арасындағы бауырластықнығая түсті деп санаймын. Алты Алаштың ұлдары бауырластығын әлемге тағы бір мәрте паш етті. Тіліміз бір, діліміз бір, дініміз бір қырғыз ағайынға қазақ елі атынан айтар алғысымыз шексіз» деді Бақытжан Нарымбетов.

Одан соң Бақытжан Хаберұлы Қырғыз көшін бастап келген Замирбек Нарчаевқа «Қырғыз еліне Батыс Қазақстан халқының атынан мың алғыс» деген жазуы бар домбыраны сыйға тартты. Бауырлас ел аманатын Оралға жеткізген Қырғыз Республикасы төтенше жағдай министрлігінің подполковнигі Замирбек Нарчаевтың айтуынша, қазақ басына қиындық түскенін естіген бойда қырғыз елі жұдырықтай жұмылып, гуманитарлық аз ғана уақыт ішінде көмек жинап тастаған. «Президентіміздің тапсырмасы бойынша Қырғызстан елінен Қазақстанға азық-түлік, төсек-көрпе, кереует, сусын, тұрмысқа қажетті заттар жеткіздік. Қазақ-қырғыз бір туған. Қиын жағдайға тап болған қазақ жұртына жалпы 300 тоннадан астам гуманитарлық көмек жіберілді. Батыс Қазақстанға 80 тоннасы бөлінді» деді Замирбек Нарчаев.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ҚАЛАЙ ЖАСАҚТАЛАДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектенов су тасқыны салдарын жою шаралары жөнінде кеңес өткізді. Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова мен тиісті министрлер тыңдалды. Бүгінде 8 мыңға жуық адам өз үйлеріне оралды. Үкімет басшысы вице-премьер бастаған әлеуметтік блок министрліктеріне төтенше жағдайға тап болған тұрғындарға жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырды.

УАҚЫТША БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

«Су тасқыны басталғаннан бері 86 мың тұрғын қауіпсіз жерге көшірілді. Қазіргі таңда уақытша орналастыру пункттерінде 8 472 адам тұрып жатыр. Эвакуациялау – уақытша шара. Үйлері тұруға жарамсыз деп танылған отбасылардың барлығын уақытша баспанамен қамту қажет» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сонымен бірге қоныс аударғанға дейін эвакуациялау пункттерінің жұмысын қолдауға ерекше көңіл бөлу тапсырылды. Әкімдіктер тұрғындарды сапалы азық-түлікпен, тиісті санитарлық-гигиеналық құралдармен, қолжетімді медициналық қызметтермен қамтамасыз етуі керек.

Өз кезегінде, эвакуациялау пункттерінен уақытша тұруға қоныстандыру процесі икемді болуы керек. Егер су тасқыны болып өткен өңірлерде тұрғындар үйлерінде қалуды қаласа, әкімдіктер тиісті көмек көрсетуі қажет. Сонымен бірге, ұрлық-қарлыққа жол бермеу үшін қараусыз қалған үйлер Ішкі істер министрлігінің бақылауында болады.

БІЛІМ БЕРУ

«Қазіргі уақытта еліміздің он өңірінде ТЖ режимі жарияланған. 130-дан астам мектеп қашықтан оқыту форматына көшірілді, бірақ эвакуация аймақтарындағы балалардың оқу процесі үзіліп қалды. Білім министрлігіне мектеп оқушыларын ағымдағы емтихандар мен сынақтардан босатуды тапсырамын. Сонымен қатар оларға жоғалтқан уақыттарының орнын толтыруға әрі қарай да көмектесу қажет» деп атап өтті Премьер-министр.

Сонымен қатар су тасқынының белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін апатты аймақтардағы мұғалімдер мен оқушыларды техникалық құралдармен қамтамасыз ету мәселесін пысықтау тапсырылды.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

«Біз ТЖ режиміндегі өңірлердің кейбір тұрғындары эпидемиологиялық жағдайға алаңдайтынын, зардап шеккен халық арасында жұқпалы ауулардың өршуінен қауіптенетінін көріп отырмыз. Денсаулық сақтау министрлігіне мәселені ерекше бақылауда ұстап, тұрғындарды ақпараттандыруды тапсырамын. Өңірлерде су тасқыны жағдайы тұрақталғаннан кейін аумақтарды тазарту және дезинфекциялық іс-шаралар жүргізу, су құбыры жүйелері мен құрылыстарын, орталықтандырылмаған сумен жабдықтау жүйелерін тазарту және дезинфекциялау бойынша кешенді шаралар жүргізу қажет. Әкімдіктерге су жеткізу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тапсырмалар берілді» деді Үкімет басшысы.

ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Су басқан аймақтардағы эпизоотиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеу мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Республикалық эпизоотияға қарсы жасаққа облыс әкімдіктерімен бірлесіп, жануарлардың өлексесін жинау мен жоюды жедел аяқтау тапсырылды. Жою шараларын жүргізу үшін тиісті жабдықтар, қызметкерлер және қажетті дезинфекциялық құралдар қарастырылған.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

«Үйлердің құрылысы бойынша жеке тұрғын үйдің үлгілік жобасы әзірленуде. Сонымен қатар әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын, атап айтқанда, мектептер мен балабақшалар, ауруханалар мен емханаларды жөндеуге басымдық беру маңызды. Құрылыс жұмыстарының сапасын қатаң бақылауда ұстау керек» деді Олжас Бектенов. «Пәрменді тетікті пысықтап, оны барлық өңірлерге жеткізуді тапсырамын. Екіұшты түсіндірулер болмауы керек. Қоғам өкілдерін процеске тартудың арқасында ақшаға бақылау күшейтілетін болады» деп түйіндеді Премьер-министр.

ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ ПУНКТКЕ БАРДЫ

Үкімет басшысының орынбасары Серік Жұманғарин Ақтөбе облысы Қобда ауылындағы әлеуметтік мекемелердің жағдайын қарап, ондағы тұрғындармен кездесті. Қобда аудан орталығында 1 530-дан астам үй бар. Мұнда су тасқынына байланысты жергілікті ауқымдағы ТЖ режимі жарияланған. Ауылдағы 279 үй мен 10 әкімшілік мекеме су астында қалды, олардың арасында мектеп, спорт кешені, дүкендер бар.

9 сәуірдегі жағдай бойынша 25 үй толығымен қираған, 12 үй – апатты жағдайда. Тұрғындар 2024 жылғы 27 наурыздан бастап эвакуациялық пунктілерге орналастырылған. Бұл ауылда су тасқыны жиі болады. Өткен жылы зардап шеккен тұрғындарға бұрынғы саманның орнына кірпіштен жасалған үйлер салынып берілген. Вице-премьер осындай үйлердің біріне кірді. «Менің бұрынғы 76 шаршы метр үйім саманнан соғылған еді, әрине, проблема көп болды. Қазіргі үйіміз кең, 10 сотық жеріміз бар, бау-бақша өсіруді жоспарлап отырмыз. Мен мұғаліммін, мектепте биолог-географ мамандығы бойынша жұмыс істедім, қазір зейнеттемін. Бүгінде ардагер педагогтар комитетін басқарамын, қоғамдық жұмыстармен айналысамын» дейді үй иесі Назифа Алдрабекова.

Серік Жұманғарин су басқан спорт кешенін аралап көрді. Қалпына келтіру жұмыстары әлі басталмаған. Ол сондай-ақ спорт мектебінде орналасқан эвакуациялық пунктке барды. Мұнда 13 адам орналастырылған, тағы 30 адам – басқа жақта. Кейбір тұрғындар – туыстарының үйінде немесе өз үйлеріне оралған, басқа барар жері жоқ тұрғындар осы пункттерге жайғасқан. Олардың арасында 75 жастағы Николай Лашко бар. Оның үйін қалпына келтіру мүмкін емес. Николай Александровичтің жасалған жағдайға шағым айтқысы жоқ, бірақ үйіне оралғысы келетіні сөзсіз.

Вице-премьер Қобда ауданының әкімі Ізгілік Тынымгереевке зардап шеккендерге арнап жаңадан үй салуды тезірек бастауды тапсырды. Ол үшін инфрақұрылым жүргізілген орын қарастырылған. Серік Жұманғарин батып кеткен үйлер мен Сауқайың бөгетін аралап шықты.

СУ БАСУЫ МҮМКІН АУЫЛДАРДЫ АРАЛАДЫ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Солтүстік Қазақстан облысын аралауды жалғастырды. Ол Қызылжар ауданының Бескөл, Долматово, Барневка және Большая Малышка ауылдарында бөгеттер мен шұңқырлардағы бекіністерді, сондай-ақ дайындық жұмыстарын тексерді.

Ауылдық округтердің әкімдері Премьер-министрдің бірінші орынбасарына су тасқынына қарсы іс-шаралар бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндады, эвакуациялау пунктілерін ұйымдастыру және эвакуацияланған азаматтардың саны туралы есеп берді. Бескөл және Большая Малышка ауылдарында қорғанысты нығайту үшін қосымша экскаваторлар сұралды.

Роман Скляр жергілікті тұрғындар мен бизнес өкілдері үйлерді су басудан қорғау үшін күш біріктіріп, белсенді түрде атсалысып жатқанын атап өтті. Премьер-министрдің бірінші орынбасары полицейлер, құтқарушылар мен ауыл тұрғындарына су тасқынының келеңсіз сценарийіне дайын болу керектігін жеткізді.

«Бүкіл өңірде келеңсіз сценарийге дайын болып, белсенді жұмыс істеу керек. Қызылжар ауданына су Петропавлдан кейін бірден келеді. Бөгеттер мен қорғандарды айтарлықтай нығайтып, құм толтырылған қапшықтардың санын көбейтіп, үйлерді қайта тексеріп үлгереміз. Ешкім қауіпті аймақта қалмауы керек, барлығын эвакуациялау қажет» деді Роман Скляр.

Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысында Петропавл қаласы, Тайынша және Қызылжар аудандарында жергілікті сипаттағы төтенше жағдай жарияланған. Облыста Су тасқынына қарсы іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жедел штаб құрылды. 29 наурыз бен 9 сәуір аралығында облыста 103 үйді су басып, 678 адам эвакуацияланды, оның 109-ы – балалар.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫ ЖАСАЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен су тасқыны салдарын жою шаралары бойынша кеңес өтті. Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова медициналық өнімдер мен дәрі-дәрмек қоры туралы баяндады.

Денсаулық сақтау бойынша үш негізгі міндет аясында жұмыс жасалып жатыр: санитарлық-эпидемиологиялық бригадалар жұмысы, зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету және оларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету. Атап айтқанда, санитарлық-эпидемиологиялық бригадалар Ауыл шаруашылығы министрлігі мамандарымен бірлесе су сапасын тексеру және өлексе көмілген жерлер, қоқыс орындары және септиктерді бақылауға алу бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Бұдан бөлек, жұмыс тобы инфекциялық және бактериологиялық аурулардың таралуының алдын алу үшін ресейлік әріптестерімен үнемі байланыста. Жұмыс қорытындысы бойынша ескерту шаралары қолданылады.

Вице-премьердің айтуынша, барлық жұқпалы ауру ауруханалары мен медқызметкерлер қажет болған жағдайда тәулік бойы жұмыс істеуге дайындалып отыр. «Алгоритм бар, эвакуациялық пунктерде мобильді топтар жұмыс істеп жатыр. Диспансерлік есепте тұрғандар мен жүкті әйелдер ерекше бақылауда. Дезинфекциялық құралдар мен дәрі-дәрмектің 2 айлық қорын жасау міндеті тұр» деді Тамара Дүйсенова.

Қажетті дәрі-дәрмек қорын медициналық ұйымдардың базаларында және СҚ «Фармация» аймақтық қоймаларында жинау жоспарланған. Қазір Денсаулық сақтау министрлігі өңірлермен тығыз байланыста белсенді жұмыс жасап жатыр.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТЫП ЖАТЫР

Үкіметте су тасқыны жағдайына байланысты эвакуациялық орталықтарға орналастырылған балалармен жұмыс істеу алгоритмі жасалды. Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен су тасқыны салдарын жою шаралары бойынша кеңесте вице-премьер Тамара Дүйсенова бұл механизмдер туралы толығырақ айтып берді. Қазір 115 оқушы білім алатын 130 қазақстандық мектепте оқу процесі қашықтан жүріп жатыр.

Эвакуациялық орталықтардағы балалар былай бөлінуде:

Бастауыш сынып оқушылары (1-4 сыныптар) (207 бала ата-аналарымен бірге) оқу процесін толық ұйымдастыра отырып, сауықтыру орталықтарына (лагерьлерде) орналастырылады.

5-8 сынып оқушылары (1 577 бала) «Дарын», БИЛ, НЗМ мектеп интернаттарына орналастырылады.

Жоғары сынып оқушылары (9-11 сыныптар) (213 бала) колледждер мен жоғары оқу орындарына уақытша орналастырылады.

Вице-премьер міндет су тасқыны және қалпына келтіру жұмыстары аяқталғанға дейін балаларды оқумен және жазғы демалыспен қамтамасыз ету екенін атап өтті. «Алгоритм әзірленді, оны жұмаға дейін әкімдіктерге жеткіземіз. Бұл жұмысқа кәсіподақтарды, жекеменшік лагерьлер мен мектептерді, тегін жол жүруді қамтамасыз етуде ҚТЖ-ны, ЖОО оқытушыларын және т.б. қосамыз. Жалпыға бірдей білім беру қоры аясында балалар барлық қажетті керек-жарақтармен қамтамасыз етілетін болады. Мектеп психологтарының жұмысы да ұйымдастырылған» деді Тамара Дүйсенова.

№43 (4631) 11/04/2024 Бейсенбі

ІСКЕРЛІК ФОРУМ ӨТЕДІ

Астана қаласында 17 сәуірде Қырғызстан Президентінің Қазақстанға сапары қарсаңында екі елдің кәсіпкерлері бизнес-форумға жиналады. Форумға Қазақстан мен Қырғызстанның мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік ұйымдарының өкілдері қатысады. Іскерлік алаңда біздің екі елдің нарықтарына тауарларды ілгерілетуді қоса алғанда, сауданы дамытуды талқылау жоспарлануда.

Форумға машина жасау, өнеркәсіп, металлургия, құрылыс, логистика, фармацевтика, сондай-ақ инвестициялар, қызмет көрсету саласы және басқа да салаларда жұмыс істейтін 100-ден астам қырғыз ұйымдары шақырылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қырғызстанмен өзара тауар айналымы өткен жылмен салыстырғанда 26%-ға ұлғайып, 1,6 млрд долларды құрады. Қазақстандық экспорттың үлесіне шамамен 69 пайыз немесе 1,1 млрд доллар келеді. Қазақстан, негізінен, көрші елге өңделмеген және жартылай өңделген алтын, минералды және газдалған су, темекі өнімдері, көмір, жеңіл автомобильдер, электр энергиясы, мұнай өнімдері, цемент, ет және құс етінің тағамдық қосалқы өнімдерін жөнелтеді.

Қырғыз импортының негізін бағалы металдардың кендері мен концентраттары, ыстықтай илектелген өзге де қоспаланбаған болаттан жасалған шыбықтар, карбонаттар, пластмасс ыдыстар, нан және ұннан жасалған кондитерлік бұйымдар, керамикалық плиткалар құрайды.

Сауда және интеграция министрлігінің деректері бойынша отандық тауар өндірушілер өңделген өнім экспортының көлемін ұлғайтуға қабілетті. Бұл тамақ, химия, машина жасау, фармацевтика және металлургия салаларының тауарларына қатысты болып отыр. Форумды Сауда және интеграция министрлігінің қолдауымен «QazTrade» АҚ ұйымдастырады.

ТҮРКІ ЕЛДЕРІ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ

Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы Қазақстандағы су тасқынынан зардап шеккендерге қаржылай көмек көрсетеді.

ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевтың айтуынша, 2023 жылы ақпанда Түркияда болған жер сілкінісінен кейін ТҮРКСОЙ ұйымының «Біз біргеміз» («Biz Birgemiz») бастамасы бүкіл түркі әлемінде сәтті іске қосылды.

Бұл түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағын айғақтайды. «Түркі әлемінің қиын-қыстау күндерде бірлігі одан әрі артып, бауырлас елдердің қайғы-қасіретін жеңілдету үшін барлық жағынан көмектесуге дайын. Осы қиын кезеңде біз де Қазақстанға, ел халқына көмектескіміз келеді. Біз Қазақстанмен біргеміз! Бүгінде Қазақстан қиын кезеңдерді бастан өткеріп жатыр. Солтүстік Қазақстанның кейбір аудандарын қатты су басты. Бұл апаттан ел экономикасы зардап шекті. Сіздің қасіретіңіз – біздің қасіретіміз. Барша түркі әлемінің атынан Сіздерге күш-қуат тілейміз» деді ТҮРКСОЙ Бас хатшысы.

ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ ҮШІН

Астанадағы Достық үйі ғимаратында «Энергияны үнемдеу үшін «жасыл» технологияларды енгізу» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті. Онда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, оның ішінде қаланың көпқабатты және коммуналдық ғимараттарын жаңғырту мәселелері талқыланды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Дөңгелек үстел отырысына елорда әкімдігінің, қала мәслихатының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс, Энергетика министрліктерінің, сондай-ақ сараптамалық қоғамдастықтың, халықаралық ұйымдар мен даму институттарының өкілдері қатысты.

«Жасыл байтақ» партиясы Астана қалалық филиалының басшысы, «Урбанистикадағы заманауи тәсілдер және ТКШ-дағы жасыл тәсілдер туралы» «Eurasian Expert Council» қоғамдық қорының төрағасы Шыңғыс Лепсібаевтың айтуынша, энергияны үнемдеу мәселесі бүгінгі таңдағы өте маңызды проблемалардың бірі.

– Қазіргі уақытта Астана қаласы әкімдігінің басшылығымен қаланы «жасыл» ету үшін түрлі іс-шараларды қамтитын 2035 жылға дейінгі қаланы дамытудың Бас жоспарының жобасы әзірленуде. Өздеріңізге мәлім, елордада 1950-1970 жылдары салынған ескі үйлер әлі де бар. Қанатқақты жоба және тұрғын үй реновациясы бағдарламасы аясында Астанада үш жылдан бері сол ескірген ғимараттар мен желілер жаңғыртылуда. Мәселен, бас қаладағы Жастар шағын ауданындағы көппәтерлі тұрғын үйлерде осындай жаңғыртулар жүзеге асырылды. Алдағы уақытта бұл жұмыстар елорданың басқа аудандарында да жүргізіледі. Бүгінде біздің әкімдік бұл мәселеге қолдау білдіріп отыр. Бұл ретте бірінші кезекте коммуналдық нысандарды, яғни ескі мектептер мен ауруханаларды қайта құру арқылы жаңғырту керек, – деді «Жасыл байтақ» партиясы Астана қалалық филиалының басшысы.

«Жасыл экономика саласындағы іс-қимылдар үшін әріптестік» бағдарламасы шеңберінде БҰҰДБ Астананың даму Жол картасына стратегиялық экологиялық бағалау жүргізіп, пилоттық жобаларды іске асыру алдында сарапшылар қалалық әкімдік өкілдерімен бірлесіп көппәтерлі үйлердің тұрғындарымен түсіндіру кездесулерін өткізді.

Мамандардың мәлімдеуінше, еліміздегі көппәтерлі тұрғын үй қорының негізін 1960-1990 жылдары салынған ғимараттар құрайды. Бұл сектор энергетика және өндіріс секторынан кейінгі жылу және электр энергиясының үшінші ірі тұтынушысы болып табылады және электр энергиясының шамамен 11 пайызын және шығарылатын жылу энергиясының 40 пайызын тұтынады. Бұл ретте сала мамандары қанатқақты жобаның нәтижелері ТКШ секторында энергия үнемдеудің айтарлықтай әлеуеті бар екенін жеткізді.

Қаладағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, оның ішінде елорданың көпқабатты және коммуналдық ғимараттарын жаңғырту барысында үйдің қабырғалары мен панельаралық тігістерді жылыту, суағарлар мен толқындарды қалпына келтіру, кіреберіс есіктер мен балкон конструкцияларын ауыстыру сияқты іс-шаралар да жүргізіледі. Кіреберістерде ескі жарықтандыру құрылғылары LED жарықтандырумен толық ауыстырылады.

– ТКШ жаңғырту аясында ең бастысы, көппәтерлі тұрғын үйлердің құбырларын ауыстыра отырып, жылыту, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйесі жаңғыртылады және автоматтандырылған жылу пункттері орнатылады, – деді Шыңғыс Лепсібаев.

Еліміздегі тұрғын үй қорын жылумен және электрмен жабдықтау секторындағы парниктік газдар шығарындыларының жартысынан астамы үй-жайларды жылытуға тиесілі. Сараптамалық бағалаулар бойынша 60 000-ға жуық көппәтерлі үйлердің заманауи талаптарға сай келмейтін жылу техникалық сипаттамалары бар және энергия тиімді жаңғыртуды талап етеді.

Сала мамандарының айтуынша, қанатқақты жоба Жаһандық экологиялық қордың Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, Астана қаласы әкімдігінің міндеттемелері мен қаржылық қолдауының арқасында мүмкін болған маңызды бастама екен.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ

Елордада «Мейірімділік керуені» жобасының VI республикалық байқауының номинанттары марапатталды.

Ізгілік, мейірімділік, адамгершілік құндылығын нығайтуға бағытталған іс-шарада өзгенің қайғысын бөлісуге және риясыз көмекке дайын, игі істердің бастаушысы болатын азаматтар марапат биігіне шығарылды.

Азаматтық бастамаларды насихаттайтын қайырымдылық шарасында «Асар», «Туған жер», «Батыл жүрек», «Мейірім жолында», «Қайырымдылық тарихы» атты бес номинация бойынша өткізілді. Байқауды Нұрсұлтан Назарбаев қорының қолдауымен Қазақстанның іскер әйелдер Ассоциациясы жүзеге асырды.

Ел дамуына үлес қосып жүрген жүздеген ержүрек, қамқор адамдарды, меценаттар мен өз елінің нағыз патриоттарын анықтайды. VI байқау аясында 1000-ға жуық өтінім түсті, Астана қаласы бойынша 62 үміткер болды, олардың арасынан үшеуі лауреат атанды.

– Лауреаттарды ресми марапаттау салтанаты Алғыс айту күні өткізілді. Оған елдің барлық аймағынан үміткерлер қатысты. Енді өңірлерде номинант болғандар бөлек марапатталуда, – дейді Қазақстан Іскер әйелдер қауымдастығының жетекшісі Раушан Сәрсембаева.

Астана қаласынан «Батыл жүрек» номинациясында республика бойынша «Highvill Astana» тұрғын үй кешенінің 20-қабатында асылып тұрған қызды құтқарған Наруł Төрекул мен өрт шалған үйден құлап бара жатқан баланы аман алып қалған Есен Қарабеков жеңімпаз атанды. «Асар» номинациясында республика бойынша ынталандыру сыйлығы әлеуметтік кәсіпкер және жаңашыл, шығармашылық эксперименттік студия-ательенің жетекшісі Мадина Данияроваға берілді.

Барлық елордалық номинанттарға дипломдар және ынталандыру сыйлықтары салтанатты түрде тапсырылды.

«Асар» номинациясы бойынша номинант атанған Тұрар Шәкен:

– «Қарашаңырақ» қоғамдық бірлестігін құрып, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды дәріптеп келеміз. Жалпы әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді шешуде өз үлесін қосып азаматтардың еңбегін бағалап, өзгелерге үлгі ету маңызды іс, – деді.

ҚОШ КЕЛДІҢ, САРБАЗ!

Қапшағай гарнизонында орналасқан 35-гвардиялық десанттық-шабуылдау бригадасында әскери міндетін атқарған 34 елордалық оралды. Оларды туған-туыстары, дос-жарандары және Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілдері арнайы сән-салтанатпен күтіп алып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі, запастағы полковник Ғани Артықов:

– Қазақстан бойынша осы жылдың көктемінде 17 мыңнан аса әскери қызметші запасқа шығарылды, олардың орнына 20 мыңға жуық сарбаз Отан алдындағы міндетін орындауға аттанып жатыр. Осы көктемде біздің қалаға әскерден бір мыңы оралады. Қызмет барысында олар мотоатқыш, зеңбірекші, планшетші, радиотелефоншы және тағы басқа әскери есептік мамандықтарды меңгерді. Алынған білім мен дағдылар болашақта оларға кәдеге жарарына сенімдімін, – деді.

Отан алдындағы борышын абыроймен атқарған азаматтар аз емес, олар арамызда жүр. Әскери өмірде рухын шыңдап, физикалық, психологиялық және зияткерлік дайындығын арттыруды таңдаудың орнына, ерте еңбекке араласып, ақша табуды мақсат ететіндер жетерлік. Ендеше, сарбаз міндетін абыроймен атқарған жастарды үлгі етіп, дәріптеу маңызды. Іс-шараның тағылымы осы тұрғыдан алғанда маңызды болды.

Тәжік-ауған шекарасындағы ұрыс қимылдарының ардагері, запастағы подполковник Марат Тұрабаев десантшыларды құттықтап, азаматтық өмірде белсенді еңбек етуге тілектестік білдірді. Ал әскери қызметшінің әкесі Ерлан Зайыров:

– Ұлым Әленнің элиталық әскерде қызмет еткенін мақтан тұтамын. Бір жыл ішінде ол қатты өзгерді, шыңдалды, шынықты, өзіне сенімі артты. Енді әскерде қызмет еткеннен кейін ол білім беру жеңілдіктерін пайдаланады, ҰБТ тапсырусыз жоғары білім ала алады. Бұл болашаққа жасалған жаңа перспективалар мен мүмкіндіктер, – деп өз ойымен бөлісті.

Сұлтан СЕЙІТ

АПАТТЫ ҮЙЛЕРДЕН – ЖАЙЛЫ ПӘТЕРГЕ

Астана қаласы мәслихатының бейінді комиссиясының кезекті отырысына дайындық шеңберінде елорданың бір топ депутаттары көшіруге және бұзуға жататын апатты тұрғын үйлерді аралап, тұрғын үй қорын жаңарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстармен жақынырақ танысты.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Халық қалаулылары, ең алдымен, Байқоңыр ауданының Брусиловский көшесіндегі №14/1, 14/2 және 14/3 үйлерге ат басын бұрды. 1960 жылы салынған екі қабатты бұл үйлердің әрқайсында 8 пәтер орналасқан. Үйлердің физикалық тозуы 65%-ды құрайды. Тұрғындар құжаттарын басқармаға өткізіп, жаңа пәтерлерін күтіп отыр.

Одан кейін депутаттар 1962 жылы салынған Кенесары көшесіндегі №58 үйдің жағдайымен танысты. 4 қабатты тозығы жеткен үйде 30 адам тұрады екен. Мамандардың мәлімдеуінше, бұл үй 64% тозған. Осы үйдің байырғы тұрғыны Александра Шилованың жасы 83-те екен. Облыстық тұтынушылар одағы үй басқармасында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бас бухгалтері болып 40 жыл жұмыс істеген ол бұл баспананың көз алдында тұрғызылғанын еске алды.

– Бұл үйде 1972 жылдан бері тұрып жатырмыз. Осы үйлер салынғанда жауапты мамандар көп жайды, мәселен, бастысы, канализация, жылу және т.б. келетін соңғы үй екенін ескермеген. Соның кесірінен көп қиындықтар туындады. Үйіміздің қасындағы жол да жылда жөнделгенімен, әлі күнге дейін сәл жаңбыр жауса айналаны су басып кетеді. Шалым 90-да. Екеуміз де осы үйді қимаймыз. Өміріміздің ең бір бақытты да мағыналы күндері өткен баспана біз үшін, әрине, ыстық. Дегенмен, тозығы жеткендіктен, жаңа үйден де үміттіміз. Тұрғын үй басқармасындағылардан әзірге еш ұсыныс болған жоқ, бірақ құжаттарымызды баяғыда-ақ өткізіп қойғанбыз, – деді Александра Шилова.

Астана қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй басқармасының өкілдерінің айтуынша, қолданыстағы заңға сәйкес апатты баспана сүрілген жағдайда жаңа пәтер үйдегі бөлме және тұратын адам санына қарамастан қазіргі тұрып жатқан үйінің нақты алаңына лайықты беріледі. Мәселен, әжей қазір 54 шаршы метр ауданды алып жатқан үш бөлмелі пәтерде тұрып жатса, жыл соңына дейін соған сәйкес жаңа пәтерге қоныс аударады.

2013 ЖЫЛДАН БАСТАП ЕЛОРДАДА 286 ҮЙДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ҚОНЫС АУДАРДЫ, 4500 МЫҢНАН АСТАМ ОТБАСЫ ЖАҢА АБАТТАНДЫРЫЛҒАН ПӘТЕРЛЕР АЛДЫ. 2023-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ЖАҢАРТУ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 4 710 ПӘТЕРЛІК 206 АПАТТЫ ҮЙДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАҢА ҚОНЫСҚА КӨШІРІЛЕДІ

Жалпы, мамандар бекітілген тізімге сәйкес мұнда хабарлама жазады немесе жиын өткізеді де тұрғындарға құжаттарды тапсыруды түсіндіреді. Өйткені олар ескі үй сүрілгеннен кейін қанша пәтер және сәйкесінше қандай аумақ қажет екенін жоспарлайды. Сондықтан тиісті құжаттар алдын ала жиналады. Ал коммерциялық үй-жай тұрғын емес үй-жай ретінде есептеліп бағаланады, яғни ақшалай өтемақы берілсе, апатты тұрғын үй иелеріне тек аумағына сай шаршы метрмен өлшеніп тек қана пәтер беріледі.

Бұдан соң халық қалаулылары қаладағы ең ескі үйлердің бірі – Құтпанов көшесіндегі сонау 1948 жылы салынған №19, №21 және №23 үйлерге барды. Бұл жердегі екі қабатты үш үйдің әрқайсында 8 пәтерден барлығы 24 отбасы тұрады екен. Үйдің физикалық тозуы 65%-ды құрайды.

Депутат Асқар Смағұлов тұрғын үй қорын жаңарту жобасын іске асыру ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен регламенттелетінін атап өтті.

– Тұжырымдама шарттарына сәйкес, тұрғын үй иелеріне ауданы бойынша бірдей, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтерде жаңа пәтерлер берілетін болады. Тұрғын емес үй-жайлардың иелеріне оның құны өтеледі. Мәслихаттың кезекті отырысының алдында әріптестерімен бірге бұзуға және қоныс аударуға жататын 7 апатты үйдің жай-күйімен таныстық. Тұрғындармен кездесіп, елорданы жаңарту бағдарламасы-

«Елорда Даму» ЖШС салынып жатқан тұрғын үйдің сапасын, сондай-ақ тұрғын үй қорын жаңартуға байланысты қала тұрғындарының iKomek 109 қызметі өтініштерін қарастырады.

– Біздің міндетіміз – бұл үйлерді сүріп, тұрғындарға балама тұрғын үй беру ғана емес, біз қазір осы бос жерлерді қалай игеруге болатынын талқылайтын боламыз. Әрине, мұнда қалалықтар үшін аса қажетті саябақтар мен гүлзарларды, қоғамдық кеңістіктерді салу оп-оңай. Әйтсе де, менің ойымша, бұл жерде барлық желілер жеткізілгендіктен, сол саябақтар мен гүлзарларды, қоғамдық кеңістіктерді инженерлік желілер қарастырылмаған басқа бос жерлерде орналасса да болады. Ал тозығы жеткен ескі апатты үйлердің орны болашақта әлеуметтік тұрғын үйлерге сұранып тұрғандай. Осыған байланысты барлық мәселе алдағы кезекті мәслихат отырысында талқыланатын болады. Бағдарламаны тұтастай қайта қарастырамыз. Жалпы, бүгінгі таңда Астанада осындай 33 үй бар. Олардың ең жасы 1948 жылы салынған, яғни тұрғызылғанына сексен жылға жуықтаған. Олардың физикалық тозу дәрежесі 65 пайыздан басталады. Реновация бағдарламасы аясында бұл үйлер жыл сайын біртіндеп жаңғыртылып келеді, – деді Ерлан Каналимов.

Бұл мәселе – шаһар басшысының да үнемі бақылауында. Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, 2024 жылы апатты жағдайдағы 60 үйдің тұрғыны салынып жатқан 1400 пәтерге көшіріледі, яғни шамамен 4200 елорда тұрғыны жаңа баспанамен қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте тұрғын үй қорын жаңарту тұрғын үйді және үй орналасқан жер учаскесін реквизициялау үшін апатты тұрғын үйлерді бұзу және одан азаматтарды көшіру арқылы қаланың «ескі» кварталдарын кешенді реконструкциялау көзделіп отыр. Жоба шарттарына сәйкес тозығы жеткен үйлердің тұрғындарына бөлмелер саны мен тұрғындардың санына қарамастан, бірақ бір бөлмеден кем емес көлемдегі бөлмелі пәтер, құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес жаңа пәтерлер беріледі.

Елордада ескірген, апатты үйлер аз емес. Депутаттар аралаған осы жеті үй де ағымдағы жылдың соңына бұзылып, оның тұрғындары жаңа үйлерге көшіріледі.

Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, Астанадағы апатты үйлердің мәселесі – қалалық мәслихатта талқыланатын басты проблемалардың бірі.

– Елорданың тұрғын үй қорын жаңарту тетігінің кемшіліктері жақын арада бейінді комиссияның отырысында талқыланады, ал бүгін депутаттық корпус қоныс аударуға және бұзуға жататын апатты үйлерді аралады. Ең алдымен, бұзылатын үйлердің орнында әлеуметтік тұрғын үй салу әрдайым мүмкін емес екенін атап өттім, себебі Инфрақұрылым көптеген пәтерлерге арналмаған. Бұл мәселе мәслихатта талқыланатын мәселелердің бірі болады, «Елорда Даму» ЖШС салынып жатқан тұрғын үйдің сапасын, сондай-ақ тұрғын үй қорын жаңартуға байланысты қала тұрғындарының iKomek 109 қызметіне өтініштерін қарастырамыз. 2013 жылдан бастап елордада 286 үйдің тұрғындары қоныс аударды, 4500 мыңнан астам отбасы жаңа абаттандырылған пәтерлер алды. 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй қорын жаңарту жобасы аясында 4 710 пәтерлік 206 апатты үйдің тұрғындары жаңа қонысқа көшіріледі, – деді мәслихат төрағасы.

Сонымен қатар, бүгінгі күні аумақтарды қала құрылысының ықтимал игерілуін ескере отырып, олар бойынша жеке құрылыс салушылар апатты үйлердің тұрғындарын өз тараптарынан қоныстандыру арқылы бекітілген.

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ АЯҚТАЛДЫ

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының кезекті отырысы өтті. Онда дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салуға бөлінген қаражатты тиімді пайдалану жөніндегі мемлекеттік аудит қорытындыланды.

Қалалық Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаевтың айтуынша, кезекті отырысқа елордалық мәслихат депутаттары, құрылыс басқармасының өкілдері және балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерінің басшылары қатысты.

Отырыс барысында Тексеру комиссиясының мүшесі Егор Лебо баяндама жасап, Астанада 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Аудит Байқоңыр ауданында орналасқан 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын іске асыру, Сарыарқа ауданында өндіріс және С638 көшелерінің қиылысында, Көктал тұрғын алабында, Баршын және Қайнар көшелерінің қиылысында, Есіл ауданында, Ильинка тұрғын алабында, Алматы ауданындағы Қожанұлы және Жәмеңке көшелерінің қиылысында, Железнодорожный тұрғын алабында, №17 және ЖД-2 көшелерінің қиылысында жүргізілген жұмыстар барысында мемлекеттік жоспарлау құжаттарында көзделген мерзімдердің бұзылғанын көрсетті. Осы уақытқа дейін Ильинка және Железнодорожный тұрғын алаптарындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешендері пайдалануға берілмеген. Бұл ретте Железнодорожный тұрғын алабындағы кешен мердігердің өндіріс кестесінен артта қалуына байланысты осы уақытқа дейін аяқталмай отыр, – деді комиссия мүшесі.

Тартылған сарапшы кешендерді жобалау кезінде қолданыстағы құрылыс нормаларын бұзуға жол берілгенін, 50 пайыздан астам витражды терезелермен шынылауға жол берілгенін, ал нормаға сәйкес Астананың климаттық жағдайлары үшін қасбеттің шынылану коэффициенті 25 пайыздан аспауы тиіс екенін анықтады.

Мердігерлер ДШСК салу жөніндегі шарттардың орындалуын қамтамасыз ету жеткіліксіз дәрежеде жүзеге асырылған, оның ішінде Шарт талаптарын орындамағаны үшін «Өмірзақ» ЖШС мердігерін жосықсыз өнім берушілер тізіліміне енгізу бойынша жұмыс жүргізілмеген.

Ильинка тұрғын алабындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жаттығу залы жобалық құжаттамада көзделгендей толық көлемде жинақталмаған, бұл спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін жаттығу процестерінің мүмкіндіктерін шектейді

Аудит нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясының 16 фактісі бойынша материалдар әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін тиісті органдарға жіберілді. Аудит қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою мақсатында тексеру комиссиясы әзірленген тапсырмалар мен ұсынымдар жіберді.

30 ЖЫЛ: ТАБЫСТЫ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ

Астана қаласындағы «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжіне биыл 30 толып отыр. Бұл тарихын өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастайтын іргелі де беделді оқу ордасы үшін мерейлі меже, айтулы дата. «Тарих – өткен күннің куәсі, бүгінгінің үлгісі мен өнегесі, болашақтың асыл қазынасы» деген нақыл сөз бекер айтылмаса керек. Ордалы отыз жылдағы тірлігі түзу, бірлігі бекем ұжымымыздың бүгінгі таңдағы жоғары жетістіктері осы жылдарда жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, білімді, білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда аянбай тер төккен ұлағатты ұстаздарымыз бен ісіне адал қызметкерлеріміздің ерен еңбегінің жемісі деп білеміз.

КӨШ БАСЫНДАҒЫ КОЛЛЕДЖ

1994 жылы төрт техникумның негізінде құрылған колледждің тарихы Целиноградтан бастау алады. Отыз жылда колледж тәуелсіз Қазақстанның дамуына зор үлес қосып, бүгінгі күні әртүрлі салада қоғам игілігі үшін қызмет етіп жүрген көптеген кәсіби кадрларды дайындап шығарған үлкен ұстаханаға айналды. Біздің білікті кадрларымыз Астанада ғана емес, еліміздің басқа өңірлерінде де табысты еңбек етіп, оқу орнының абырой-беделін өсіріп жүр. Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде брендке айналған, заман талабына сай мықты мамандар дайындайтын «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі бас қаладағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары арасында көшбасшылық деңгейін сақтап келеді. Брендке айналғанымызды дәлелдейтін дерек келтірсек, қабылдау комиссиясының деректеріне сәйкес 2022 жылы талапкерлерден 1311 өтініш түсіп, 543-ін бюджеттік, 78-ін ақылы негізде студенттер қатарына қабылданды. Ал 2023 жылы талапкерлерден 2517 өтініш түсіп, соның 552-ін бюджеттік, 59 студент ақылы негізде оқуға түсті. Көріп отырғанымыздай, жылдан жылға колледжде дайындайтын мамандықтарға сұраныс артып келеді.

Колледж отыз жылдық тарихында талай қиын кезеңдердің, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің куәсі болды. Осы уақыт ішінде даму жолында көп ізгі қадам жасады, тәжірибе жинақтады, нақты жетістіктерге қол жеткізді. Біз үшін 30 жыл – жалындаған жастық, үкілеген үміт және үздіксіз өрлеудің кезеңі. Өйткені осы жылдарда біз білім берген түлектер әлемнің әр қиырына аттанды. Бір қуанатынымыз, біздің түлектеріміз колледжбен арадағы қарым-қатынасын үзбейді. Мәселен, көптеген түлектер alma mater-іне келіп, ұстаздарымен жүздеседі, өмірдегі қуаныштарымен және табыстарымен бөліседі. Қиындыққа тап болса, одан шығудың жолдарын ақылдасады. Яғни, түлектеріміз колледжге тек білімі мен дипломдағы жақсы баға үшін ғана емес, оқу орнының қабырғасында санасына сіңіріп, өмірлік ұстанымы еткен жаңа белестерді бағындыруға деген сенімін қалыптастырғаны үшін алғыс айтады. Біз де осындай өзара сенімді, ізгі қарым-қатынасты ерекше бағалаймыз. Түлектеріміздің өмірі – біздің назарымыздан тыс қалмаған, олардың көпшілігі табысты мансап құрғанына өте қуантарлық жағдай. Біз өз түлектерімізді мақтан тұтамыз Олжас Құспеков – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Ғани Дүйсенбеков – KG Chem Kazakhstan директоры, Бекзат Жайдаров – «Art Studio Bonnie and Clyde» интерьер дизайны студиясының және «Start Education» дизайн мектебінің негізін қалаушы және коммерциялық директоры, Сергей Баскаков – «Астанатрансстрой» СК ЖШС директоры, Нұрлан Дүйсенбаев – «Ару-Жол» ЖШС директоры; Нариман Нұралин – NAIRA Group компаниясының бас директоры, Алексей Анисимов – «KazCloud» ЖШС өнімді әзірлеу жөніндегі директоры.

БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ – ЗАМАНАУИ СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАН

Қазіргі таңда колледж техникалық саласына ең қажетті 11 мамандық (техник-құрылысшы, техник-дизайнер, супервайзер, туризм менеджері, газ нысандары құрал-жабдықтарын пайдаланушы технигі, техник-механик, ақпараттық қауіпсіздік технигі, бағдарламалық қамтамасыз етуді құрастырушы, ақпараттық жүйелер технигі, техник-мехатроник, телекоммуникациялық байланыс жүйелерінің технигі, бухгалтер) бойынша кадрлар дайындайды. Әлемде жаңа технологиялардың пайда болуы мен дамуына орай маман даярлауға қойылатын талаптар біртіндеп өзгеруде. Осыған сәйкес, колледж сапалы білім алуға барлық жағынан жағдай жасау нарықта сұранысқа ие мамандықтарға оқыту – түлектердің жұмысқа орналасу кепілдігін қамтамасыз ету деген стратегиясын айқындап алды.

Сапалы білім берудің негізін колледждің жаңартылған оқу-зертханалық кешені, сондай-ақ шығармашылық өзгерістер мен жаңашыл идеялардан қорықпайтын ұжым құрайды. Оқу ордасының бүгінгі тренді – сұранысқа ие дағдылар мен кәсіби құзыреттіліктер бойынша кадр даярлау болып табылады. Еңбек нарығының өзгеруіне және цифрлық технологиялардың өмірімізге дендеп енуіне орай осындай трендті таңдалды.

Жұмыс бағдарламаларының мазмұны жаңарды, оқытушыларды жаңа технологияларға оқыта бастадық, колледждің жанынан заманауи зертхана ашып, ресурстық-оқу орталықтарын құру мақсатымен әлемдік брендтерді тарттық, оқу үдерісін жетекші технологиялармен үндестіріп, материалдық-техникалық базамызды нығайттық. Мұндай жаңашыл қадамдардан не ұттық? Біріншіден, түлектер дипломнан басқа заманауи жабдықтармен жұмыс істей алатынын растайтын арнайы сертификаттарға ие болады. Студенттер оқуын бітірген соң WS стандарты бойынша демонстрациялық емтихан тапсырып, «skills төлқұжатын» алады. Соның нәтижесінде белгілі бір дағдылары мен құзыреттіліктері бар түлектер тобы жасақталады, бұл топ білікті маман іздеген жұмыс берушілердің назарына бірден ілігеді.

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОЗЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР

Колледждегі оқу үдерісін тәжірибелі 90 педагог жүзеге асырады, соның ішінде 8-і – өндірістік оқыту шебері, 20-сы – магистр, 1-еуі – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Атап айтарлығы, біздің педагогтер оқу үдерісіне үнемі инновацияларды енгізіп отырады. Енді осы инновацияларға толығырақ тоқталайық. Мысалы, О.Пешкин, С.Лапенко, Т.Мухтарова өндірістік оқыту аясында техник-бағдарламашыларға «Arduino» базасында микроконтроллерді бағдарламалау» курсы енгізілген, студенттер Yii2 шеңберін пайдаланып, веб-қосымшалар әзірлейді. Е.Тусупов, Ж.Абрахманова, С.Мухаммедия арнайы пәндер сабағында Git нұсқаларын бақылау жүйесі, кейс технологиялар, оқытудың тренингтік нысандары, АКТ технологиялары, интеллект-карталар және т.б. қолданылады. Сондай-ақ Java бағдарламалаудың бұлтты технологиялары, Amazon, Microsoft Azure, Cisco сертификациясы жүргізіледі. Түлектер Smart-технологиялар тұжырымдамасы бойынша «BMC IO FRAMEWORK» ArtaSoft платформаларында ақпараттық жүйелердің нақты дипломдық жобаларын орындайды. Мұнда ғылым мен өндірістің арасында тығыз интеграция жүреді.

А.Шошабай, Д.Жанмурзина, М.Габдулла, Ж.Нуркеев, О.Вишневская, Г.Наурызова техник-құрылысшыларды даярлау деңгейі 3D компасы, ArchiCAD, AutoCAD, CorelDraw, 3D-MAX, Мономах автоматтандырылған жобалау және модельдеу жүйесін үйретеді. 2018 жылдан бастап оқу үдерісіне педагог С.Жакиянов AutoDeskRevit, Renga Architecture бағдарламаларында жұмыс жасауды үйретеді. Құрылыс және ақпарат саласындағы 3D модельдеуді BuildingInformationModel ғимараттарды ақпараттық модельдеу технологиялық платформасы – BIM жүзеге асырады. Қазір жаңа мамандар – BIM-жобалаушылар даярланады. SMART және BIM технологияларын меңгеру дағдылары бойынша әдеттегі жобалау технологиялары өзгеруде.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

«Smart Astana», «Ақылды үй» жобалары бойынша тұрақты серіктестермен ынтымақтастық қарым-қатынас кеңейіп келеді.

Құрылысшылар оқу тәжірибесінде жетекші өнім өндірушілердің әрлеу құрылыс материалдарында (Кнауф) дағдылар мен құзіреттіліктерді өндірістік оқыту шеберлері И.Воробьев, Н.Байбусинов оқытады, студенттер құрғақ құрылыс технологияларын меңгереді, икемді тақтайшалармен және оқшаулағыш материалдармен (ТехноНиколь) және ақылды сантехникамен (Grohe) жұмыс істеп үйренеді. Қорытынды аттестаттау – дипломдық жұмыс дәстүрлі түрде де, өндірістік үй-жайларды, оқу дәрісханалары мен жатақханаларды қайта салу бойынша да нақты дипломдық жобалау түрінде де жүргізіледі. Колледждегі 60-тан аса дәрісхана қайта жаңартылды. Оқу тәжірибесі аясында нақты дизайн-жобалар мен қолданыстағы макеттер (community center, student hab, электрокар, ескерту және дабыл қағу жүйесі және т.б.) жасалады.

ТӘЖІРИБЕЛІК ДӘРІСТЕР – БІЛІКТІЛІККЕ АПАРАТЫН ЖОЛ

Бүгінгі таңда колледж экологиялық және энергия үнемдейтін жабдықтар – электромобильдерге қызмет көрсететін мамандарды, сондай-ақ газ жабдықтарын монтаждау және оларға қызмет көрсететін мамандарды даярлайды. Бұл бағытта қазіргі заманғы EXTLAB электроника және электромобиль зертханалары, Bosch Thermotchik оқу орталығы ашылды, бұл жерде «Болашақтың мамандықтары» бойынша кадр даярлауға мүмкіндік пайда болып отыр.

Сонымен қатар, Б.Алкенов, Е.Чингаева, Г.Абенова тәжірибелік сабақтарда автомобильдерді басқарудың электрондық жүйесінің (электромобиль, carmanscan, AutoBosh, B-touch) заманауи диагностикалық жабдықтары, COM3LAB оқыту жүйесі қолданалады. Бұл сабақтар бойынша оқу тәжірибесі Bosch, Sivik, Carmanscan кәсіби жабдықтарында өткізіледі. Сондай-ақ «Мерседес», «Ауди» қозғалтқыштарында, гибридтік қозғалтқыштарда автокөліктің доңғалағын монтаждау, теңгерімін қалпына келтіру, көліктің майын ауыстыру сияқты жұмыстарды Bosch-тың құрал-жабдықтарымен атқарып, шеберлікке үйренеді. Студенттер оқу-тәжірибе үйрену кезеңінде Астанадағы «№1 автобус паркі» АҚ, «Hyundai Premium Astana» ЖШС, «Allur Auto» ЖШС, «AutoLand автосервистер желісі» ЖШС, «АТБ Сервис Транс» ЖШС және т.б. серіктестермен бірлесіп, «техник-механик» орта буын маманының жұмыс біліктілігін (көлік жөндейтін шебер және электрик) меңгереді.

Өндіріске жақын телекоммуникация және байланыс жөніндегі зертханада болашақ электр монтаждаушы-баптаушы және телекоммуникациялық байланыс жүйелерінің техниктерін өндірістік оқыту шеберлері В.Осинская, С.Жантаев, С.Әділбек телекоммуникациялық желілер саласында АТС-тан абонентке дейінгі байланыс желісін монтаждаудың бүкіл технологиялық циклін барлық деңгейлерін үйретеді. Колледж басшылығы IT құзыреттілік орталығын, мехатроника бойынша өңірлік орталықты, автоматтандырылған өндірістік процестер бойынша ресурстық және оқу орталығын – «Кнауф», «ТехноНИКОЛЬ», «BoschThermotechnik», «ALINA» және «GROHE» сияқты әлеуметтік серіктестермен бірлесіп дамыту жолдарын белсенді жүргіземіз.

Жоғарыда аталған зертханалар мен оқу орталықтары WorldSkills халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес, кәсіби жолмен 21 құзыреттілікті даярлау, сондай-ақ инновациялық технологиялар саласындағы оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері үшін біліктілік арттыру курстарын өткізетін жаттықтыру алаңына айналды. Колледжде 4 Халықаралық WorldSkills жаттықтырушысы қызмет атқаруда: Е.Қасымов, С.Лапенко, С.Керимов, Д.Рахимжанова. Бұл зор жетістік деп білеміз.

> Колледждегі оқу үдерісін тәжірибелі 90 педагог жүзеге асырады, соның ішінде 8-і – өндірістік оқыту шебері, 20-сы – магистр, 1-еуі – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Атап айтарлығы, біздің педагогтер оқу үдерісіне үнемі инновацияларды енгізіп отырады

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК – ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Қазіргі таңда колледждің әлеуметтік серіктестерінің саны 200-ден асады. Бұл санмен шектеліп қалмаймыз. Әр ай сайын түрлі кәсіпорындармен меморандум жасаймыз. Біз тығыз қарым-қатынас орнатқан кәсіпорындардың қатарында «Қазақтелеком» АҚ, «Freedom телеком», «KAZTELESISTEM», «BITELECOM», «IMBC» халықаралық машина жасау орталығы, «Астана» ЕЭА, «Астана-Инвест», «AUTOLAND», «Hyundai Premium Astana», «ASTER AUTO», «ASTEK AVTO», «Армантур», «Центртур», «Алтынгазсервис», «Bazis Construction», «Bi Group», «Астана Инстальком», «Центр аудит», «Astana technoinvest» және т.б. бар. Колледждің кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатуы – түлектеріміздің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді тетігі. Бұл бағытта дуальды білім беру тәжірибесі енгізілген, соның ішінде кәсіпорындардың өтініші бойынша нысаналы мамандар дайындаймыз, оқытушыларымыз бен өндірістік оқыту шеберлері де тағылымдамадан өтеді. Бұл жердегі басты мәселе – түлектердің жұмысқа орналасуы оң шешіледі. Осы жұмыстардың нәтижесінде біздің мамандарға деген еңбек нарығындағы сұраныс ұлғаюда.

ЖЕҢІМПАЗДАР ОРДАСЫ

Біздің техникалық және кәсіби білім беру саласындағы көшбасшылық деңгейімізді жеңімпаз түлектеріміз үнемі дәлелдеп келеді. Мәселен, 2022 жылы WorldSkills елордалық кәсіби шеберлік чемпионатында 12 алтын, 4 күміс, 4 қола медальды иеленді. Сол жылы «World Skills» Еуразиялық чемпионатында «кәсіпкерлік» құзыреті бойынша қола жүлдені жеңіп алдық. «World Skills Kazakhstan-2022» VII республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында 3 алтын медаль мен 2 медальон алдық. Колледж серіктесі «1С-Қазақстан» оқу орталығының қолдауымен «Бизнеске арналған бағдарламалық шешімдер» құзыреті бойынша Санкт-Петербург қаласында өткен «Кәсіпқойлар» чемпионатында екінші орын Қапаров Дархан иеленді. 2023 жылы WorldSkills Astana қалалық кәсіби шеберлік байқауында 21 алтын, 9 күміс, 4 қола медальды олжаладық. «World Skills Kazakhstan-2023» VIII республикалық кәсіби шеберлік байқауында 1 алтын Колобаев Яромир, 1 күміс Лапенко Данил, 1 қола Ульданов Мансур және 3 медальонға Дехнич Елизавета, Василенко Никита, Сабыров Ильяс үздік нәтижелерімен жеңіске жетті. Бұл көрсеткіштер колледжде білім мен озық тәжірибе қатар жүретінін, маман даярлауда тез өзгеретін нарыққа бейімделе алатын үздік оқу ордасының алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыратынын көрсетеді.

Болат РЫСҚАЛИЕВ,
«ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжінің директоры

Қоян жылының қысынан қысылып шыққан қазақстандықтарды «су мол болады, егін бітік өседі» деп сипатталатын ұлу жылы қаптаған қарғын сумен қарсы алды. Елдің көп өңірін су басып, 10 облыста төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жағдайды ұзақ жылдан бері болмаған, көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деп сипаттады.

СУДЫҢ ҚАДІРІН ДЕ, ҚАУПІН ДЕ БАҒАЛАЙЫҚ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

БИЫЛ АСТАНАДА ҚАҢТАР АЙЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ. ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАЖЕТТІ АҚПАРАТПЕН ҚАМТЫЛЫП, ҚАУІПТІ УЧАСКЕЛЕРДЕ 120 РЕЙД ЖҮРГІЗІЛДІ. 55 МЫҢ МЕТРДЕН АСА АРЫҚ-НАУА ЖЕЛІСІ, 9 МЫҢ МЕТРДЕН АСА КОЛЛЕКТОР, 2 МЫҢ ЖАҢБЫР ҚАБЫЛДАУ ҚҰДЫҒЫ ТАЗАРТЫЛДЫ. КӨП ӨҢІРДЕ ОСЫНДАЙ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛМАҒАН

МӘСЕЛЕНІҢ ҚАЙНАРЫ ҚАЙДА?

8 сәуірдегі жағдай бойынша Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында 3702 тұрғын үй, 562 аула, 1822 саяжай тасқын судың астында қалса, 73 ғимарат пен 155 автожолды су басып, 80 мыңға жуық адам эвакуацияланған. Әрине, биылғы апаттың аса ауырлығы болмаса, бұл жағдай елімізде жылда қайталанады. Жыл сайын тасқыннан сақтануға ел бюджетінен қыруар қаржы бөлінгенмен, одан шыққан нәтиже жоқ. Көктемде көлкіген судың ортасында қалсақ, жазда судың тапшылығын көріп тыпырлап отырамыз.

Әрине, апаттың болуына байланысты кейбіреулер жергілікті әкімдікті кінәласа, жұрттың біразы Төтенше жағдайлар министрлігінің ештеңеге дайын болмайтынын алға тартады. Енді біреулер Үкіметтің тасқынға шартты түрде, қағаз жүзінде ғана дайындалғанын (Премьер-министр Олжас Бектенов 20 ақпандағы Үкімет отырысында «көктемгі тасқынға тек қағаз жүзінде дайын болған болып шығамыз» деген болатын) сынға алса, зиялы қауым өкілдері мұның түпкі себебін жемқорлық пен су саласында жүргендердің білімсіздігімен байланыстырады. Мамандардың тапшылығынан, мемлекеттің су ісіне стратегия тұрғысынан көңіл бөлмеуінен көріп жатқандар да бар.

Тасқыннан сақтану дайындығының нашарлығы мен салғырттықтан сырт, қардың мол жауғаны, жер тоңының қалыңдығы, күннің күрт жылынуы да қарғын суға қақалып, селге кетуімізге себеп болғаны рас. Бірақ бұл апаттың салдары ғана. Ал себебіне келсек:

Біріншіден, тасқыннан сақтану жұмысы қаңтар, ақпан айларында емес, жаз, күз айларында істелуі керек еді. Қыста гидромелиорация зерттеулері жүргізіліп, өрістегі жылқы түлігі қырыла бастаған кезде-ақ көктемнің қандай боларын ерте мөлшерлемей, «табиғат тосын мінез танытты» деу жауапкершіліктен жалтарудан басқа ештеңе емес. Мәселен, былтыр қыркүйекте Астанада су тасқыны қаупі бар учаскелер комиссия тексеруінен өтіп, 20 учаске бойынша аудан әкімдеріне қажетті шаралар қабылдау туралы ұсыным берілген. Соның арқасында астанаға үлкен қауіп төнген жоқ.

Екіншіден, бұл апат – атқарушы билік пен Үкіметтің, министрліктердің арасында байланыстың, бірлесе жұмыс істеп, қауіптің алдын алайық деген идея жоғының көрінісі. Керек десеңіз, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Су ресурстары және ирригация министрлігінің, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің біріне-бірі сілтеп, одан қалса, Қазгидромет уақытылы, алдын ала ескерту бермеді деп жалтаруының өзі басқару жүйемізде үлкен мәселенің барын аңғартады.

Үшіншіден, етек алған жемқорлықтың, ешқандай құзыреті жоқ әкімдердің қолында күрек, аяғында су етік жоқ болса да, «бізде бәрі жақсы, тасқынға тас-түйін дайынбыз» деп өтірік есеп беруі, яғни ауылдың ауданды, ауданның облысты, облыстың Үкіметті алдауының соңы осындай апатқа ұласты.

Төртіншіден, төтенше жағдайдың алдын алатын кемелді құрылым жоқ. Бар сенген Төтенше жағдайлар министрлігі төтенше жағдай болған кезде ғана төбе көрсетуден аса алмайды, қауіптің алдын алуда мүлдем қауқарсыз.

Бесіншіден, суды пайдалану мен тасқыннан сақтанудың кемелденген жаңа жобасы жоқ. Су саласын зерттеу, жоспарлау жұмыстарының басында судың сырын білетін мамандар емес, галстугына қылқынған шенділер отыр. Су мамандарының өз жұмысымен айналысуына қажетті жағдай жасалмаған. Бұрын совхозға дейін барып қызмет істейтін гидротехниктер түгел тентіреп кеткен. Жерасты суларын тексеріп, жауын-шашын мөлшерін қадағалап отыратын гидрогеология мекемесі де тозғанын жақында тараған «Қазгидрогеология қайта құрылады» деген хабардан аңғаруға болады.

Алтыншыдан, 30 жыл бойы жаңадан дамба салып, тасқыннан сақтану, қарғын суды пайдалану жұмысы жүргізілмеген. Атыз-арық, тоған құрылысына көңіл бөлінбеген.

Жетіншіден, қала салғанда және елді мекендердің бас жоспарын жасағанда тасқыннан сақтану мәселесі ескерусіз қалып, су ағарларға дейін құрылыс салып, су жолдары бөгеліп қалған. Жолдың су жиналатын бөлігіне көпір салынып, құбырлар қойылмаған. Кеңес заманындағы кейбір жол бөліктері ойқылдап, су ағар қалдыратын дәстүр ұмытылған. Ауыл арасындағы су сыртқа ағып шығатын су ағар жоқ.

Біреуі бір мақалаға жүк болатын осы 7 себептің астарында жатқан мәселе аз емес. Бұл себептерді біз ойдан шығарып отырған жоқпыз, қарапайым халық та, мамандар да, тіпті депутаттар да ұдайы айтып келеді. Өкініштісі, мұны тыңдар құлақ жоқ. Мәселен, биыл Астанада қаңтар айында су тасқынына қарсы іс-шаралар айлығы басталды. Тұрғын үй секторының тұрғындары қажетті ақпаратпен қамтылып, қауіпті учаскелерде 120 рейд жүргізілді. 55 мың метрден аса арық-науа желісі, 9 мың метрден аса коллектор, 2 мың жаңбыр қабылдау құдығы тазартылды. Көп өңірде осындай жұмыс атқарылмаған.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Нариман ҚЫПШАҚБАЕВ, экс-министр:

– Қардың қалың жауғаны, күннің жылынуы биыл ғана болған жайт емес. Әңгіме су мәселесіне назар аудармауда жатыр. Суды зерттейтін, ауа райын бақылайтын ғылыми мекемелер бар. Бірақ бізде жүйе дұрыс жұмыс істемейді, жауапты орындардың арасында нақты байланыс жоқ. Кейінгі 30 жылда су мәселесін қадағалап отырған облыстық, аудандық деңгейдегі су шаруашылығы мекемелері жабылып, су мамандары қаңғып кетті. Сондықтан Президенттің Жарлығымен жаңадан құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігін күшейтіп, оның облыстық, аудандық деңгейдегі су шаруашылығы мекемелерінің рөлін күшейту керек. Астанада отырып суды бақылау «түйе үстінен сирақ үйткенмен» бірдей, су мамандарының дені ауылда болуы керек. Өйткені су сонда, канал сонда, егістік жер сонда емес пе?!

Ислам ӘБІШЕВ, Су ресурстары комитетін ұзақ жыл басқарған маман:

– Бұл апат жауапсыздықтан туындады. Апаттан құтқаратын ең маңызды нәрсе – жауапкершілік. Бірақ бізде немқұрайдылық пен көзалдаушылық басым. Мәселен, тасқыннан сақтануға дайындық жұмыстарын қаңтар-ақпанда емес, жазда жасайды. Ол дайындықты тіке аудан, облыс әкімдері жүргізуі керек еді. Қаптаған қарғын су келгенде топырақтан «дамба» салудың қажеті қанша?! Су келіп қалуы мүмкін деп алдын ала ойлану керек қой. Су ағатын жерде құбыр бар ма, көпір бар ма, су каналдары бітеліп қалған жоқ па деген мәселені қадағалау үлкен білімді, мол қаражатты қажет ететін жұмыс емес қой. Бізде маман тапшылығы да бар, бірақ мүлдем жоқ емес, ең бастысы, бар маманды ұтымды пайдаланбаймыз. Осы уақытқа дейін қаншама су апаты болса да, сол үшін жауапкершілік арқалап, сотталып кеткен басшы, жауапты тұлғаны көрдіңіз бе? Жоқ, сел, өрт басылған соң бәрі ұмыт болады. 2017 жылы мен Су ресурстары комитетінің төрағасы болып тұрған кезде Қазақстандағы елді мекендерді тасқын судан қалай қорғау керек, қарғын суды қалай пайдаланамыз, не істеу керек деген сұрақтардың бәріне жауап беріп, жоспарын жасап, мемлекеттің қаулысымен бекіткен едік. Өкінішке қарай, сол жоспар бойынша 2017 жыл мен 2018 жылдың басында біраз жұмыс істелді де, соңынан мүлдем тоқтап қалды. Неге тоқтап қалғаны белгісіз, ол неге орындалмайды деп сұраған адам да жоқ.

Нұрлан ЖӘЛЕЛҰЛЫ, су маманы:

– Мен Қытайда 20 жыл су шаруашылығы саласында қызмет істеп, су жағдайын бақылау, тасқыннан сақтау жұмыстарымен айналыстым. Шетелде ең алдымен тасқыннан сақтану жұмысы ескеріледі. Мәселен, Шанхай қаласында тасқыннан сақтанудың 50 жылға, Үрімжі қаласында 30 жылға жоспары жасалған. Ал Қазақстанда 1 жылға да жоспар жоқ болып шықты. Маман жоқ дегенге сенбеймін, жұбайым екеуміз келе салып өз мамандығымыз бойынша жұмыс істейік деп қаншама мекемеге бардық. Бәрі «бізде маман толық» деп қайтарған. Шын мәнінде, Қазақстанда маман да, мүмкіндік те жеткілікті, тек дұрыс ниет жоқ екен. Қазақстанда су жоқ деп зарлаймыз да, көктемде топан судан зардап шегеміз. Су тапшылығы бар елдер жаңбырдың әр тамшысын пайдаланып, қар жинайды. Ал біздің су өзенмен ағып, басқа елге кетеді. Яғни біз судың қадірін де, қаупін де білмейміз.

Асқар ӘБИРОВ, инженер-гидротехник:

– Су тасқыны белгілі мерзімде қайталанып отырады. Бірақ содан дұрыс қорытынды шығармағандықтан, биылғыдай апатқа ұшырап отырмыз. Совхоз, колхоздағы гидротехниктердің орнын жойып тастаған. Бізде су маманы жоқ емес, бар, бірақ оларға жұмыс істетпейді. Мен де гидротехникпін, елімізді су басып жатыр, ал мен жұмыссыз жүрмін. 2022 жылы елімізде су кеңесі құрылды. Сол кеңес қайда? Олар не істеді екі жылдан бері?

ЖЕКЕМЕНШІК ЖЕТІСТІРМЕЙДІ

Елімізде суды жинайтын, сақтайтын, бұратын гидротехника нысанының саны 1,5 мыңнан асады. Оның 405-і – су қоймасы, 250-ге жуығы – дамба, плотина саны 460-тан асады, тоғанның 270-тейі бар, сосын 120-ға жуығы – су торабы. Соңғы тексеріс нәтижесінде гидротехника құрылысының 500-ден астамы жөндеуді қажет ететіні анықталған.

Өткен жылдың соңында Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек Үкімет басшысының атына сауал жолдап, еліміздегі су нысандарының 333-і республикалық меншікте, 895-і коммуналдық меншікте, 228-і жекеменшікте

ЕЛІМІЗДЕ СУ НЫСАНЫ 1,5 МЫҢНАН АСАДЫ. ОНЫҢ 405-І – СУ ҚОЙМАСЫ, 250-ГЕ ЖУЫҒЫ – ДАМБА, ПЛОТИНА – 460, 270-І – ТОҒАН, 120-ҒА ЖУЫҒЫ – СУ ТОРАБЫ

болса, 22-сі иесіз екенін алға тартып, «Су қоймалары – ең басты стратегиялық нысан. Еліміздегі маңызды су сақтау нысандары көпшілігінің жекешеленіп кеткені бізді қатты алаңдатады. Қаншасының тозығы жетіп тұр, оны нығайту бойынша қандай шаралар қолға алынған, ол жағы да беймәлім. Мемлекеттік жер кадастры базасында табиғи жолмен қалыптасқан көлдер де жер телімі ретінде беріліп кеткен. Сондықтан оларды тез арада мемлекет меншігіне қайтару – кезек күттірмейтін міндет» деп дабыл қаққан еді.

Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев 27 наурызда Үкімет мүшелеріне жолдаған депутаттық сауалында: «Төтенше жағдайлар министрлігінің ақпандағы дерегі бойынша елде 537 гидротехника құрылысын жөндеу қажет, оның 8-і иесіз. 200-ден астам бөгеттің құжаты жоқ және олардың қауіпсіздік деңгейі қандай екені беймәлім. Судан қорғайтын аймақтарда заңсыз құрылыстар салынғаны да әлі күнге дейін өзекті мәселе» деп ашына айтты.

Осы екі депутаттың сөзінен-ақ еліміздегі су қоймаларының жағдайын мөлшерлей беріңіз. Әсіресе су қоймасы сынды маңызды стратегиялық нысанды жекеменшікке беру мемлекет үшін үлкен қауіп емес пе?! Жекелер ақша шығарып, өз меншігіндегі су қоймасын бекемдеп, жыл сайын күтіп отыра ма?!

ҚОРҒАНЫСҚА ТӨНГЕН ҚАУІП

Қазақстан – жері кең, жан саны аз мемлекет болғанмен, су тапшы елдің бірі. Еліміздегі тұщы судың қоры 539 млрд текше метрді құрайды. Мұның 101 млрд текше метрі өзендерге тиесілі. Ал ол өзендердің 19 пайызы Қытайдан келсе, қалғаны Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдеріне тиесілі. Былайша айтқанда, Қазақстандағы тұщы судың 45 пайызын басқа елдерден келетін өзендер құрайды. Бұл нені аңғартады? Бұл бізде су тапшылығы мен судан келетін қатердің аса үлкен екенін түсіндіреді.

Еліміздегі ірі өзендер саналатын Ертіс, Іле, Тобыл, Талас, Сырдария, Жайық өзендерінің бәрінің жоғарғы ағысына ірі дамба, су қоймалары салынған. Мәселен, Ертісті бұрған Қытай 365 бөгеуін ағытса, Қазақстанның шығыс өңірін шайып кетеді. Жайық өзеніне салынған тоспа жарылса, қазақ елі топан судың астында қалады. Бірақ содан сақтанып, мемлекеттің стратегиялық қорғанысы ретінде қарап, жасалған дайындық бар ма? Жоқ! Атырау қаласын су алып кетуі мүмкін деген қауіп те осы жайды аңғартады. Өзбек еліндегі Сардоба су қоймасы жарылғанда, Түркістан облысы Мақтаарал ауданының орталығы суға кеткенін жақсы білеміз. Осыдан не қорытынды шығарып, қандай сақтық шарасы жасалды?! Сырдарияны жоғары ағыстан буып алудан қуаңшылықтың тақсіретін тартып, көктемде су көп, жазда су жоқ деп ойбайлап жүргелі қаншама жыл болды! Демек, шетелден келетін өзендердің қатері көп. Оған да мемлекеттік қорғаныс тұрғысынан мән беретін кез келді. Көршінің дамбасы елдің қайғысына айналмасын!

№43 (4631) 11/04/2024 Бейсенбі

ҚАНЫШТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Академик Қаныш Сәтбаевтың нақыл сөздері барша саналы ғұмырын ғылымға арнаған ой алыбының қажыр-қайратқа толы әмбебап ізденістеріне, туған елін өркендету жолындағы жанкешті еңбегіне, ұлтын сүйген тау тұлғасына бойлатады.

Қаныш феноменін тудырған Баянауылдағы Мұса Шормануұлы маздатқан білім шамшырағы, ғылым биігіне ұштаған Семей мұғалімдер семинариясы мен Томск технология институтындағы ұстаздар ұлағаты, Қарсақпай мен Жезқазған кезеңінде азаматтығын шыңдаған рухани және ғылыми орта саф қасиеттерге тұнып тұр.

Алаш алыптарының ізін басқан қыр перзентіне Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастыру, отандық металлогения және геология ғылыми мектебін негіздеу сынды дәуір талабы жүктеген тарихи міндеттер артылды. Тоталитаризм қысымын өткеріп жүріп, аға буын аманатына адалдық танытқан Қанышқа дауылды жылдар қайғы-қасіреті оңай тиген жоқ. Туған ағасы Ғабдулғазиз Имантайұлы, немере ағалары Әбікей Зейінұлы, Әбдікәрім Жәмінұлы, Семейдегі оқу семинариясында бірге оқыған мұраттасы Жүсіпбек Аймауытұлы, Қарсақпайдағы бастапқы еңбек жолындағы үзеңгілесі Өкітай (Сергей) Әлиханұлы қызыл террор құрбаны болды. Томск технология институтында қамқорлық танытқан Әлімхан Ермекұлы ГУЛАГ-қа қамалды.

Қаныш өзінің қандай да болмасын зерттеулерінде өркенді ұлттың ілім-білім жолымен дамуындағы ұстанымы, оянған өлке өрендерінің алар асулары қандай болу керек деген өрелі ғылыми мәселелерді талқыға салады. Ғасырлар бойы бұйығы жатқан Қазақстанда өндіріс орындарын ашып, кәсіпорын ошақтарын жандандыру, өнеркәсіпті дамытудың теориялық және практикалық бағыттарында қордаланған түйткілдерді шешудің жолын саралайды. Ғылымның өндіріспен байланысы, ғылымның халық шаруашылығын дамытудағы қызметі, инфрақұрылым жүйесі, инженерлік іс, таукен қазба байлықтарын тиімді меңгеру, инженерлі геология, металлургия, су шаруашылығы, қазба байлықтарын барлау, кен қазу технологиясы, формациялық металлогениялық талдаулар мен қазба кен орындарының болжамын жасау, геологиялық кен барлау жұмыстарында тың әдістерді қолданудағы шеберлік, политехникалық білім беру, индустриялық қарыштау, ғалым мен ғылым миссиясы хақындағы жаңашыл пікірлері, даналық ойлары қазіргі кезеңде өміршең де өзекті.

Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасаған табиғат тамыршысы ел тарихын жер шежіресімен сабақтастырып, ұлт өмірінің өткенін «Бұрынғы уақытта Ұлытау Қазақстанның саяси өмірінің орталығы болған. Қазақтың Алаш (Ақназар), Абылай, Кенесары сияқты атақты хандары Ұлытауды мекен еткен. Бұған таудың жаратылыс жағынан өте әдемі жаңа Қазақстанның географиялық орталығында болуы себеп болған», «Алты алашқа мәлім «ескі жолды» Есімхан, «қасқа жолды» Қасым хан, «тура жолды» Тәуекел хан, «жеті жарғылы» Әз Тәуке, ер Абылай – бәрі де осындай хандық пен билікке қатар ие болған қасиетті адамдар» деп сипаттайды. «Ел меңгерерлік тілі жоқ, еңсерерлік күші жоқ, білім мен ойға, «билікке» ие болмаған, не ел ішіндегі рулардың көсемі билерді ішіне тартып қыбын таба алмаған алаңғасар, әңгүдік хандар хан болып та тұра алмайды. Ондайлардың тағы жарлының лашығы сияқты, наразы көпшіліктің бірінші құйыны түбіне жетеді» сипатындағы нәрлі сөздерімен тарихи тұлғалар тағылымын халық жадында жаңғыртады.

Академик аймақтану, отантану, өнертаным қайнары іспеттес ғылыми еңбектерінің желісінде өркениет ордасы – Ұлы даланың иесі де, киесі де қазақ екенін ұрпақ санасына «Қазақстанның Тараз және басқа да ескілікті қалаларының орнын қазғанда, бұл қалаларда жоғары дәрежелі мәдениет, су құбырлары, жақсы моншалар, әртүрлі сәулетті үйлер болғаны анықталды. Бір кезде мәдениетті егін шаруашылығы болғанын сипаттайтын су құрылыс орындары Қазақстанның көп жерінде кездесе береді» деген толғамымен сіңіреді.

«Ақмола, Семей губернелеріндегі жер қазынасы қандай?», «Ұлы Жезқазған – Отанымыздың негізгі мыс кені», «Ұлытау аймағы», «Үлкен Жезқазғанның болашағы», «Қарсақпай ауданының күйі», т. б. ғылыми мақалаларымен геология ғылымына терең бойлаған дарынның қадамы кешенді зерттеулеріне ұласты. «Отаныма борыштымын», «Қазақстан ғылымының дамуы», «Ғылымның өркендеуі», «Қазақстанда ғылымның жайы мен негізгі мәселелері», «Ғылым – халықтың игілігі», «Политехникалық оқудың жүзеге асырылуын тілеймін», «Ғылым – практикамен күшті», «Ғылым алдыңғы шепте болсын», «Ғылымның өндіріспен байланысы нығайтылсын», «Ғылымның кең өрісі», т. б. мақалаларындағы «Экономиканың, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында табысқа жетудің жеңімпаз құралы мен кілті өз қолымызда», «Ғылымның зерттеу ісін жүргізетін, оның тәжірибесін қорытып, жинақтайтын, өндіріске ұсынып, халық шаруашылығында, идеология майданында іске асыруды, халық ісінің игілігі етудегі басты фактор – кадр», «Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғалым ғана өз дәрежесінде, заман талабының өресінде болады» деген нақылдарынан алар тағылым мол.

Алаш оқулықтырының үрдісінде «Алгебра» (1924) еңбегін жазған әдіскер математиктің алгебра мәні, әріптік символика туралы талдаулары әмбебап ғылыми-шығармашылық өрісін даралайды.

Қаныштың әдебиет пен мәдениет саласындағы «Ер Едіге» (1927) эпикалық жырын алғысөзімен шығаруы, А.Затаевичтің «500 казахских песен и кюев» (1931) кітабына ән-күй мұрамызды жаздыруы, ұлт театрына қатысты көркемдік-эстетикалық талдаулары, Мұрын жырау жырлауындағы «Қырымның қырық батырын» хаттаудағы көрегені, М.Әуезовтің «Абай» романын бағалаудағы әдеби тереңдігі тәнті етеді.

«Том қаласында ұлттар кеші», «Қазақстанның ұлт театры туралы», «Көркейген қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті», «Доисторические памятники в Джезказганском районе», «Үлкен талант иесі», «Интеллигенцияның игілікті борышы», т. б. мақалаларындағы ой-толғам, нақылдары энциклопедист тұлғаның ерекше болмысына бойлатады. Оған «Театр – ұлт өмірінің түзу айнасы. Театр – ел міндерінің құрылы тезі, төреші ұстазы. Театр – қазақтың салт-сана, күйі, сарындары сияқты мәдениет, өнер кендерінің терең ошағы, ұйытқысы», «Қанапия», «Жанбота», «Сырымбет», «Алтыбасар», «Топайкөк», «Шама» сияқты ескі әндер – қазақ елінің саф әуе, сайын дала, сары қымызға емін-еркін өрістеп жүрген дәуіріндегі шығарған сарындары. Сондықтан олардың нақысында еркіншілік, еркелік, өжеттік сезімдер күшті», «Қазақ халқының неше алуан және өте бай халық музыкасы бар. Қазақ халқы адамның махаббатын, ерлігін, неше түрлі жан сезімін бейнелейтін көп күйлер, әндер шығарған. Қазақ ауыз әдебиетінің байлығын да жұрт таныған. Өзінің ауыз әдебиетін, батырлар жырларын нешеме ғасыр бойына түгел сақтап келген қазақ халқының бұл жөнінде теңдесі жоқ деуге болады», «Қажымай, талмай еңбек етуінің арқасында XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен салтын жан-жақты қамтыған түбегейлі энциклопедиясы болып есептелетін аса көркем роман – «Абай» жарыққа шықты», өзге де қазыналы ойлары дәлел бола алады.

Ғұлама ғалымның қазақ елінің ертеңі, ғылымдағы адалдық, жаңа өскінге қамқорлық, жас мамандарға қолдау көрсету туралы толғаныстарындағы нақылдары да тәуелсіздік рухымен үндес. Оған «Қазақстанның ұлан-байтақ кең жері мал шаруашылығын өркендетуге, дәнді және техникалық егістер көлемін ұлғайтуға өте қолайлы», «Ғылыми қызметкерлердің қатарын кездейсоқ адамдармен емес, творчестволық өрісі кең жастармен толықтырып отыру – бүгінгі күннің ең маңызды талабы», «Қазақ ССР Ғылым академиясы республикамызда ғылымның күрделі ордабасы болуға тиіс», «Ғалымға азық берер қайнар көз кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады», т. б. нақылдары дәлел.

«Бүгінгі табыстан келер таңдағы міндеттер үлкен» дейді қазақ ғылымының атасы. «180 жылдан астам уақыт қазақ халқы патшашылдықтың тепкісінде езіліп келгенін», «Әлемнің отыз алтыдан бір бөлігіне бостандық сүйгіш қазақ халқы ие. «Қазақ» деген сөздің өзінде еркіндік рухы атойлап тұр. Сол үшін де біздің халық талай ғасырды үздіксіз күреспен өткізді. Оның санасында бұл сөз аса киелі де ұлы ұғым болып қалыптасқанын» айтқан кемеңгер халқының азат, ұлтының жасампаз, елдігінің асқары болуын көкседі. «Отаныма борыштымын» деп білген қыр перзенті түптің түбінде қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізіп, экономикасы, өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, ғылымы, мәдениетінің дамитынына сенімді болды. Жер қойнауына бойлаған ғұлама келер кезеңге көз салып, алдағы уақытта атқарылатын келелі міндеттерді болжады, ұрпақ парызын безбендеді. Міне, осынау кемелділікті нар тұлғаның «Қазақстанның ұлан-байтақ кең жері мал шаруашылығын өркендетуге, дәнді және техникалық егістер көлемін ұлғайтуға өте қолайлы», «Халық шаруашылығының бүкіл саласында ғылым мен техниканың неғұрлым жаңа, соны табыстарын кеңінен қолдану арқылы ғана өндіргіш күштерді дамыту ісінде бұрынғыдан да биік белеске шыға аламыз», «Экономиканың, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында табысқа жетудің жеңімпаз құралы мен кілті өз қолымызда», «Біздің елімізде ғылымның өркендеуі халық шаруашылығын жалпы өркендетумен, еліміздің бүкіл мемлекеттік тіршілігінің өрлеуімен тығыз байланысты», «Қазақ жерінің қойны толған қазына. Мұнда шықпайтын кен жоқ. Оның болашағы өте жарқын, сәулетті», «Ғылыми қызметкерлердің қатарын кездейсоқ адамдармен емес, творчестволық өрісі кең жастармен толықтырып отыру – бүгінгі күннің ең маңызды талабы» деген нақылдарынан аңғарамыз.

Ғұлама Қаныштың: «Адам қандай ғылым, қандай өнердің болса да қайраткері болуы үшін оған жастайынан бой ұрып, машықтануы тиіс», «Ғалым болу үшін ең алдымен адам болу керек, өйткені ғалым барлық өмірін, еңбегін өзі үшін емес, халық үшін, адамзат үшін сарп етеді», «Жас адам өмір сүргенде сол өмірді бос өткізуге тиісті емес. Ол, біріншіден, Отанына пайдалы азамат болуды, екіншіден, өз заманының, өз дәуірінің мәдениетті, білімді және алдыңғы қатарлы адамы болуды ойластыруы керек. Ол үшін жас күніңізден-ақ өзіңізді адамгершілікке баулыңыз», «Ісіңізге, еңбегіңізге нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер», «Жаңа жылда Қазақстанның барлық мектептерінде шын мәніндегі политехникалық оқудың жүзеге асырылуын тілеймін. Мұның мақсаты – оқушыларды еңбек дағдысына, басқаша айтқанда, әрбір азамат үшін және біздің бүкіл еліміз үшін ілгері басу мен бақыттың айбынды негізі болып табылатын күшке баулу», «Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішінен аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет», «Біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр. Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді» деген даналық ойлары, нақыл сөздері XXI ғасырдағы азат елдің саналы ұрпағын технологиялық ғылымның шыңына, адамгершілік биігіне, кәсіби шеберлік өріне, мемлекетшілдік асқарына жетелейтін сарқылмас қуатымен жасай бермек.

> Ғұлама Қаныштың: «Адам қандай ғылым, қандай өнердің болса да қайраткері болуы үшін оған жастайынан бой ұрып, машықтануы тиіс», «Ғалым болу үшін ең алдымен адам болу керек, өйткені ғалым барлық өмірін, еңбегін өзі үшін емес, халық үшін, адамзат үшін сарп етеді», «Ісіңізге, еңбегіңізге нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер» деген даналық ойлары XXI ғасырдағы азат елдің саналы ұрпағын технологиялық ғылымның шыңына, адамгершілік биігіне жетелейтін сарқылмас қуатымен жасай бермек

> Қаныш өзінің қандай да болмасын зерттеулерінде өркенді ұлттың ілім-білім жолымен дамуындағы ұстанымы, оянған өлке өрендерінің алар асулары қандай болу керек деген өрелі ғылыми мәселелерді талқыға салады. Ғасырлар бойы бұйығы жатқан Қазақстанда өндіріс орындарын ашып, кәсіпорын ошақтарын жандандыру, өнеркәсіпті дамытудың теориялық және практикалық бағыттарында қордаланған түйткілдерді шешудің жолын саралайды

Алтынбек НУХҰЛЫ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты,
Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

ШҰҒЫЛ КӨМЕК БӨЛІМШЕСІ – ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

Медициналық қызметке қолжетімділікті арттыру мақсатында бүгінде барлық емханада шұғыл көмек көрсету бөлімшесі жұмыс істейді. Израиль елінің тәжірибесі негізінде сондай бөлімше Астанадағы №5 қалалық емханада да былтыр 10 қаңтарда ашылған болатын.

Райхан РАХМЕТОВА

Қимыл-қозғалысы қиын науқастарды ескере отырып, емхананың бірінші қабатында ашылған бұл бөлімше 2 қабылдау кабинеті, ЭКГ жүргізу кабинеті, мамандар консультациясы және call-орталықтан тұрады. Оны ашуда бірнеше міндет көзделді: біріншіден, стационарлардың қабылдау бөлмесіне түсетін жүктемені азайту, екіншіден, 4-санатты жедел жәрдем бойынша түсетін қоңыраулар мен үйге шақыртулар санын төмендету, үшіншіден, медициналық қызметке қолжетімділікті арттыра отырып, науқастардың емхана жұмысына қанағаттану деңгейін жақсарту.

– Науқастар ауруханаға жатқызу қажеттілігі жоқ шұғыл көмек көрсету керек болған жағдайда, соның ішінде көрсетілімі мен салалық дәрігерлердің консультациясы мен диагностикалық қағазы болса, сол күні «қазір және осы жерде» қағидаты бойынша медициналық көмек ала алады. Емхананың бұл бөлімшесіндегі медициналық көмек, олар осында тіркелмеген болса да, көрсетіле беретінін айта кету керек. Сонымен қатар олардың сақтандыру жүйесінде болу-болмауы да маңызды емес және алдын ала жазылмай-ақ, аптаның барлық күні таңертеңгі сағат 8.00-ден кешкі 20.00-ге дейін келіп қаралады, – дейді емхана директоры Алтыншаш Табулдина.

Бұл мәселелерді шешуде емханадағы call-орталықпен бірлескен жұмыстың септігі тиюде. Атап айтқанда, науқас хабарласқан кезде бөлімше дәрігері онлайн-консультация жүргізіп, call-орталық операторы науқастан сауалнама алып, шағымын тыңдағаннан кейін, оны бөлімшеге шақырады.

– Дәрігерді үйге шақырту бойынша бізге күніне 40-60 қоңырау түссе, соның тек 20 пайызы ғана бөлімшеге шақыртылады, бұл – шамамен 8-12 науқас. Демек, бұл науқастар сол хабарласқан күні-ақ ауру бойынша көрсетілімі болған жағдайда, диагностикалық қызметтер кешені мен мамандар консультациясын алуда. Бөлімше құрамындағы дәрігерлер, фельдшерлер, мобильді бригада фельдшерлері науқастардың үйіне барып та немесе өз бетінше келе алмайтынын емханаға әкеліп те тексеру жүргізіп, салалық мамандардың тексерісіне береді. Бүгінгі таңда шұғыл көмек көрсету бөлімшесінде орташа есеппен күніне 40 адамға дейін қаралады, соның ішінде хирургиялық ем көрсету бойынша 12 пайыз, жарақат алумен 16 пайыз, созылмалы ауруларының асқынуы жағынан 57 пайыз, өткір аллергиялық жағдаймен 4 пайыз, ауырсыну синдромымен 11 пайыз науқас келеді. Орташа есеппен аптасына 3 адам ауруханаға жатады, көбіне олар – өткір хирургиялық патологиясы бар, жарақат алған, ми қан айналымы қатты бұзылған, өткір қан тамыры аурулары бар науқастар, – дейді емхана басшысы.

Жаңа бөлімшенің басты көздегені – науқастарға дер кезінде көмек беру, медициналық қызметке қолжетімділікті арттыру. Бүгінгі таңда осы бөлімше жұмысы нәтижесін беріп те үлгерген. Мәселен, дәрігерді үйге шақырту 30 пайыз, жедел жәрдем қызметіне төртінші санаттағы шақырту 15-20 пайыз, жарақаттану пунктіне келушілер азайды. Жұмысы тиімділігін көрсеткендіктен, мұндай бөлімшелер барлық емханада ашылуда.

АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МОДУЛЬ ӘЗІРЛЕНДІ

Онкологиялық қызметтің маңызды міндетінің бірі – динамикалық бақылау. Бірақ онкологтардың есебінде тұрған барлық пациент уақытылы тексеруге келе бермейді. Осы мәселені шешу үшін елорданың көпсалалы медициналық орталығында алғаш рет және Қазақстан бойынша әрбір емханадан барлық диспансерлік пациентті көрсететін жалғыз арнайы бағдарламалық модуль әзірленді.

Бұл модуль онкопациенттерге ғана емес, сонымен қатар онкологиялық ауруға күдікті науқастарға да қатысты. Модуль онкопациенттер тексеруден өтетін өзіндік ескерту ретінде әрекет ете отырып, қала тұрғындары арасында онкологиялық аурулардың асқынуын анықтауға және оның алдын алуға көмектеседі.

Астана қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова бұл модуль онкологтардың жұмысын едәуір жеңілдетіп, оларды медициналық міндеттемелерін жіберіп алған пациенттерді іздеуден босатқанын атап өтті. Инновация онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі және Damumed бағдарламасындағы нақты пациенттермен апталық және айлық жұмыс жоспарын ұсынады.

– Бұл модульді құрудағы басты мақсат – учаскелік қызметтің жұмысын жеңілдету, диагностикалық бағдарын кешіктірген бастапқы пациентті іздеуге кететін уақытты азайту және медициналық көмек көрсету сапасын арттыру. Модуль сонымен қатар тексеруге кеткен уақытты және онкологқа келуді бақылауды жақсартады, сонымен қатар пациент маршруттың қай кезеңінде кешіктірілгенін анықтауға көмектеседі, бұл осындай олқылықтарды жою және алдағы уақытта оны болдырмау үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді, – дейді басқарма басшысы.

Модульдің арқасында тексеру кабинеттерінде және учаскелік қызметте онкологиялық сақтық шеңберінде алғаш рет анықталған ісікке дейінгі жай-күйдің есебі жүргізіледі.

«ДЕНСАУЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ» МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Астана қаласындағы №11 қалалық емханада бірнеше «Денсаулық» мектептері» жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Артериалды гипертензия», «Қант диабеті», «Босануға дайындық», «Бронх демікпесі», «Егде жастағылардың денсаулығы», «Жүректің ишемиялық аурулары», «Сал ауруы» және басқа да дерттер бойынша мектептер бар. Жақында «Бронх демікпесі» мектебінде «Семіздік және оның бронх демікпесінің дамуына әсері» тақырыбында сабақ өтті.

Сабақ барысында бронх демікпесін бақылау және аурудың жағдайын бағалау дағдысын игеру, өкпе жұмысын жақсартуға бағытталған күнделікті тыныс алу жаттығуларын жасауға үйрету мәселелері сөз болды. Сонымен қатар оңтайлы салмақты сақтау және астманың өршу қаупін азайту үшін дұрыс тамақтану бойынша ұсыныстар айтылды. Сабаққа қатысушылар аурудың және оны емдеудің маңызды аспектілері жөнінде кеңес алуға және сұрақтар қоюға мүмкіндік алды.

Денсаулық мектептерінің міндеті – созылмалы аурумен алғаш тіркелген пациенттерге сол ауруы туралы терең түсіндіріп, әрі қарай дертінен айығу немесе дертінің жеңілдеуі мақсатында пациенттің дәрігермен бірлесіп жұмыс істеуі маңызды екенін түсіндіру. Мектеп бағдарламасына сай топтық сабақтармен қатар жеке кеңестер де жүргізіледі. Бұл мектептердің әрқайсысы айына бір рет, жалпы жылына 12 сабақ өтіп тұрады. Келесі аптадағы «денсаулық мектебінің» сабағы жүректің ишемиялық ауруларына арналады. Науқастар диагнозын алғаш естігенде оны ауыр қабылдайды. Оларға мейіріммен қолдау көрсетіп, осындай сабақтарда барлығын түсіндіріп, алдағы уақытта тамақтануы өзгеретінін, жалпы салауатты өмір салтын ұстану керегін ақырындап түсіндіреміз.

Кейбір тақырыптар бойынша сабақтарды арнайы мамандандырылған дәрігерлермен бірге салауатты өмір салты дәрігері өткізеді. 60-90 минутқа созылатын сабаққа 10-12 науқастан қатысады. Науқастарға алдын ала сабақтың қай күні қай уақытта өтетіні туралы түрлі жолмен хабар беріледі. Созылмалы ауруға шалдыққан пациенттердің орташа жасы 50-70 жас және одан жоғары жастағылар кездеседі. Дегенмен кейбір арулар қазіргі таңда тым жас кезінен көптеп кездеседі. Мұның бәрі фаст-фуд тағамдарын көп тұтыну және аз қимылдаумен байланысты. Сонымен қатар күнделікті дәрігерге кезек күтіп отырған пациенттерге салауатты өмір салты дәрігері дабылдатқыш арқылы емхананың барлық қабатынан естіліп тұратындай етіп «Созылмалы аурулардың алды алу», «Дұрыс тамақтану», «Жарақаттардың алдын алу», «Иммунитетті көтеру жолдары», «Салауатты өмір салтының маңызы», «Зиянды әдеттерден арылу», т. с. с. тақырыптарда ақпарат оқып, науқастарды хабардар етіп отырады.

Гүлжанат ОРЫНБАСАР, №11 қалалық емханаының салауатты өмір салты дәрігері

Әр адам дүниеге келген сәтінен бастап тұмса табиғатпен байланысы бар екенін білмеуі де мүмкін. Алайда ғылым бұл жайды дәлелдеп берді. Мәселен, ағаштардың қасиеті адамның шаршағанын басады, адамға тыныштық сыйлайды. Психологиялық жағынан алғанда, жанның тыныштығы да әсем табиғатпен байланысты екенін ұмытпаңыз.

АҒАШТАР ДА СЫР ШЕРТЕДІ

Сіз білесіз бе? Бойыңыздағы қасиеттер сіз ұнататын ағаштар арқылы сыр шертеді. Тіпті олармен энергиялық байланыс болуы да ғажап емес. Осы жерде сіз өз мінезіңізді білесіз.

ЕМЕН. Бұл ағашты ұнататын адамдардың көбі – өзіне сенімді, айтқан сөзінде тұратын жандар. Бірақ көп адамға сене бермейді, қызғаншақтық қасиеті де бар, өз дегенін жасатпай қоймайды, кейде содан жапа шегетін жағдайы көп кездеседі. Шыдамдылығына таңғаласыз, олар өзінің негативті көңіл күйін жасырғыш, бір ашуланса қайтуы қиын.

ШЫРША. Бұл ағашты ұнататын адамдар зерек, ойлау қасиеті де, қабылдауы да ешкімге ұқсамайды. Әрдайым көңілді жүруге тырысады, ашуланшақтау. Кек сақтаймын деп жүріп, өзіңіз жапа шегетініңіз де бар. Сіз қайта оларға жылы жүзбен қарасаңыз, өздері-ақ сізден кешірім сұрайды. Шаршаған уақытыңызда осы ағаштың саясына келіп демалсаңыз, бойыңыздағы негативті соған бере аласыз.

ҚАЙЫҢ. «Қайыңның саясы – жүректің емі» демекші, бұл ағашты ұнататын адамдар өте уайымшыл, өзгеге де, өзіне де сенімсіз адамдар болып келеді. Кейде «сенем» деп айтып алып, өзі жапа шегеді. Жаныңыздағы адамдарға сеніммен қараңыз, қорғансыз адам екеніңізді білдірмеңіз, көп нәрсеге жүйкеңізді жұқартып, ашуланбаңыз. Сабыр сақтаңыз, әйтпесе жаныңыздағы адамдарға зияныңыз тиіп қалуы мүмкін. Жаныңыз жиі жараланатын сәттеріңіз де көп, тек қана жүрегіңізді тыңдаңыз. Ол сізге апарар түзу жолды айтып бере алады.

ҚАРАҒАШ. Бұл ағаш өзінің төзімділігімен ерекше. Ұқсастықтары соншалық, бұл ағашты ұнататын адамдарда төзімділік басым, әрдайым көңілді жүруге тырысады. Олардың жан дүниесі таза, тек қана айтатын сөздері – адал ас пен адал ақша. Олар үшін сол өте маңызды. Өз ісіне көңілдері толмаса өздерін көп қинайды, жан дүниесі тынышталғанша тыным таппайды. Көп еңбек етеді және әділетті жандарды сүйеді, мәдениеттіліктен де құралақан емес. Жан дүниесі ауырған кезде адамдармен сыр бөліскенді ұнатады. Кейде «бекер айтқан екенмін» деп өкінетін сәттері де көп. Адамдармен тез қарым-қатынасқа түседі, жанындағы адамдарға жылулық сыйлай біледі.

ҚАРАҒАЙ. Жұпар аңқыған иісімен адамның жан дүниесін баурап алатын ерекше қасиетімен көзге түседі. Бұл ағашты ұнататын адамдар – жоғары талғамды талап ететін жандар. Олардың білімімен ешкім таласа алмайды. Есте сақтау қабілеті өте жақсы, зейін қойып тыңдай алады және көп адамның арасында ерекшелене алады. Өзіне аса мән береді, денсаулығына, киіну стиліне де жоғары жауапкершілікпен қарайды. Әрқашан тосыннан сыйлық жасауды ұнатады, содан өзінше бір рахат сезімге бөленеді. Оларға шулы орта ұнамауы да мүмкін, кей кездері өзіне көңілі толмайды, бірақ барынша көңілді жүруге тырысады.

Балжан НҰРҒАЛИҚЫЗЫ, Астана қалалық №3 көпбейінді балалар ауруханасының психологы

№43 (4631) 11/04/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
15 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Дала өркениеті». Деректі фильм.
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:20 «Жат бауыр-2». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр-2». Телехикая (жалғасы)
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:35 «Дала дәмі»
14:50 «Ақорда»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
16:05 «Құдаша қыз». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЖАТ БАУЫР-2». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН».
0:40 «Ашық алаң».
1:30 «Сана»
2:40 «Өмір көркем»

05:00 МЕГАХИТ. «ПОКОРИТЕЛИ ВОЛН»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»
10:25 МУЛЬТФИЛЬМ. «ДВА ХВОСТА»
11:35 МУЛЬТСЕРИАЛ. «МЕХАМАТО»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
